Требования к образовательной программе (системность и интегративная целостность, иерархичность и целедетерминированная направленность учебной деятельности, профессионально-базируемая проблемность содержания и технологии, профессионально мотивационная направленность программы, прогностичность, диагностичность, квалификационно-оценочная адекватность. Образовательная программа с уровневым ранжированием речевых типов и форм коммуникации (устной и письменной) по 6-ти параметровой шкале Общевропейской языковой концепции (ОЕК) и 5-ти уровней языковой обученности национального стандарта (НС): уровень минимальной достаточности, уровень базовой достаточности, уровень базовой стандартности, уровень сверх базовой стандартности, максимально-достаточный уровень. Степень их соотнесенности.

Раздел III. Межкультурное общение в системе обучения иностранным языкам.

Тема 10. Языковые средства межкультурного общения

Произносительный аспект общения.

Роль слухопроизносительных и ритмико-интонационных навыков в овладении умениями межкультурного общения. Цель и задачи формирования слухопроизносительных и ритмико-интонационных навыков на основе коммуникативных комплексов (КК). Отбор и методическая организация фонетического материала. Основные технологии формирования произносительных навыков. Типология произносительных ошибок и приемы их исправления.

Лексический аспект общения.

Роль лексических навыков в овладении межкультурным общением. Основная цель обучения иноязычной лексике. Этапы формирования лексического аспекта общения. Приемы и способы презентации и семантизации ЛЕ. Различные типы и виды коммуникативно ориентированных лексических упражнений.

Грамматический аспект общения.

Роль и место грамматики в овладении умением межкультурного общения. Принципы отбора грамматического материала для устных и письменных форм

вербальной коммуникации. Этапы формирования грамматического аспекта общения на основе КК (коммуникативных комплексов). Различные типы и виды коммуникативно ориентированных грамматических упражнений.

Тема 11 . Межкультурные рече-деятельностные основы общения.

Устные формы вербальной коммуникации.

Аудирование как вид речевой деятельности и форма опосредованного общения. Психолингвистическая характеристика. Факторы, определяющие успешность аудирования. Проблема уровней понимания иноязычной речи на слух. Коммуникативные технологии, формирующие аудитивный аспект общения.

- Говорение как устная форма общения. Психолингвистическая характеристика устных форм общения
- Речевые типы устной формы общения (диалог, полилог, монолог и др.)

Письменные формы вербальной коммуникации

- Чтение как письменная форма опосредованного общения. Две стороны чтения: техническая (перекодирование зрительных сигналов в смысловые единицы) и смысловая (содержательная) – понимание текста как законченного речевого высказывания. Обучение технике чтения. Технологии обучения различным стратегиям чтения.
- Понятие «письмо» и «письменная речь». Упражнения для формирования графических и орфографических навыков. Виды письменных форм общения. Технология обучения письменным формам общения.

Раздел IV. Моделирование общения в контексте теории межкультурной коммуникации

Тема 12. Моделирование иноязычного общения

- Различные подходы к определению понятия «моделирование» в современной науке и практике.
-
- Существующие подходы к моделированию общения и возможности их использования в дидактических целях. Моделирование межкультурного общения.
- Современная концептуально-методологически базируемая модель иноязычного образования.
- Моделирование предметно-процессуальных аспектов содержания когнитивных лингвокультурологических комплексов (КЛК).

Раздел V. Современный иноязычно-образовательный процесс: управление, организация, технологии обучения.

Тема 13. Владение иностранным языком в начальной школе. Общие положения. Цели, содержание и принципы иноязычного образования на ранней

ступени развития обучаемого. Овладение языковыми средствами межкультурного общения. Овладение устными и письменными формами межкультурной коммуникации.

Тема 14. Овладение иностранным языком в основной и профильной школе. Характеристика средней и старшей ступени обучения. Цели, содержание и принципы иноязычного образования на средней и старшей ступени школы. Предпрофильная подготовка школьников. Структура профильного иноязычного образования. Основные приемы и технологии овладения иноязычным общением на средней и старшей ступени школы.

Тема 15. Упражнения как организационно-технологические средства организации учебного процесса. Существующие типологии упражнений, используемые в иноязычном учебном процессе.

Тема 16. Контроль как модель управления качеством иноязычно-образовательного процесса и его результата. Функции контроля: диагностическая, обучающая, корректировочная, управляющая, оценочная, стимулирующая. Требования к формам контроля: целенаправленность, объективность, репрезентативность, систематичность, дифференцированность. Объект контроля иноязычной обученности. Критериально-оценочная шкала измерения уровня сформированности межкультурно-коммуникативной компетенции.

Раздел VI. Профессиональная деятельность учителя – преподавателя иностранных языков.

Тема 17. Модель учителя иностранных языков

Совокупность профессионально-значимых компетенций и личностных качеств учителя иностранных языков, востребованных заказом общества, вариативной образовательной системы, и адекватных целям иноязычного образования.

Компетентностные векторы развития личности учителя иностранного языка: «познавательно-развивающая» и «поисково-познавательная» структура деятельности учителя; «аналитико-интегративный», «креативно-конструктивный» и «рефлексивный» тип мышления; «проблемно-актуализирующие», «исследовательско-проектировочные» и «прогнозно-моделирующие» способности.

ПРИМЕРНАЯ ТЕМАТИКА КУРСОВЫХ И ДИПЛОМНЫХ РАБОТ

1. Современная методика иноязычного образования: этапы ее развития (критический анализ).
2. Социоисторическая обусловленность развития методики иноязычного образования.
3. Современная когнитивно-лингвокультурологическая методология как

- концептуальная основа межкультурно-коммуникативной теории иноязычного образования.
4. Коммуникативно-компетентностная модель формирования межкультурно-коммуникативной компетенции обучаемых.
 5. Межкультурные рече-языковые основы межкультурного иноязычного общения:
 - а. обучение произносительному аспекту общения;
 - б. обучение лексическому аспекту общения;
 - в. обучение грамматическому аспекту общения.
 6. Межкультурные рече-деятельностные основы общения
 - а. Устные формы вербальной межкультурной коммуникации: обучение диалогической, монологической, полилогической форме общения в контексте когнитивно-лингвокультурологической методологии общения (по выбору).
 - б. Обучение аудированию как форме опосредованного межкультурного общения.
 7. Обучение чтению в контексте лингвокультурологического подхода (по годам обучения).
 8. Обучение письменным формам общения в контексте современной теории иноязычного обучения (по годам обучения).
 9. Креативные технологии в формировании межкультурно-коммуникативной компетенции обучаемых.
 10. Проблема информатизации иноязычного образования.
 11. Управление учебным процессом: урок иностранного языка как форма управления учебным процессом.
 12. Организация самостоятельной работы как способ самоанализа, самооценки и саморазвития обучаемых.
 13. Средства овладения иноязычным общением: учебник как главное средство овладения и управления дидактическим процессом:
 - а. Анализ текстотеки современных учебников по ИЯ (по выбору).
 - б. Анализ системы упражнений в одном из действующих учебников по ИЯ.
 - в. Анализ методической системы, отраженной в одном из действующих учебников.
 14. Игровые технологии в формировании межкультурно-коммуникативной компетенции обучаемых.
 15. Проблема типологии упражнений по в соответствии с КЛК методологией ИО.
 16. Проблема уровней владения ИЯ в зарубежной методике.
 17. Учитель ИЯ XXI века.
 18. Возможности внеклассной работы в овладении межкультурным общением.
 19. Проектные технологии в иноязычном образовании.
 20. Пути и способы моделирования ситуаций вербального общения.

21. Формы и виды контроля сформированности уровня иноязычной обученности.
22. Технологии обучения письменной форме общения с использованием международных *E-mail* проектов.
23. Организация дистанционного обучения на базе компьютерных технологий.

ЛИТЕРАТУРА

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании». – А., 2007.
2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан. – Астана, 2004 г.
3. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. – Алматы, 2004 г.
4. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010.
5. Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014.
6. Кулибаева Д.Н. Методологические основы управления образовательной системой школ международного типа. – Алматы, 2006.
7. Алхазисвили А.А. Основы овладения устной иноязычной речью. – М., 1998.
8. Банкевич Л.В. Тестирование лексики иностранного языка. – М., 1981.
9. Бордовская Н.В. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. – М., 2010.
10. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. – М.: Высшая школа, 1991.
11. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. – М., 1990.
12. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – М., 2000.
13. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М., Академкнига, 2001.
14. Елизарова Г.В. Культура и обучение ИЯ. – Санкт-Петербург, КАРО, 2005.
15. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования. Высшее образование сегодня. – М., 2003, № 5.
16. Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе. – М., 1991.
17. Козлов П.Г. Интегративная роль результата в технологии обучения иностранному языку. // Новые технологии в учебном процессе в вузе. – Алматы, 1995.
18. Коккота В.А. Лингводидактическое тестирования. – М., 1989.
19. Колкер Я.М., Устинова Е.С., Еналиева Г.М. Практическая методика обучения иностранному языку – М., 2000.
20. Кунанбаева С.С. Динамика становления иноязычного грамматического

- навыка у билингвов. – Алматы, 1994.
21. Леонтович О.А. Теория межкультурной коммуникации в России: состояние и перспективы / Теория коммуникации и прикладная коммуникация. Вестник Российской коммуникативной ассоциации. Вып. № 1, 2002
 22. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М., 1989.
 23. Пассов Е.И. коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. 2 изд., исправл. – М., 1991.
 24. Поташник М.М. Управление качеством образования. Педагогическое общество России. – М., 2004.
 25. Привалова И.В. Разнообразие подходов в развитии теоретических основ межкультурного общения. «Вестник» МГУ, серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2004, № 3.
 26. Смолкин А.М. Методы активного обучения. – М.: Высшая школа, 1991.
 27. Современные языки. Изучение, преподавание, оценка. «Общеввропейские компетенции владения ИЯ». – Совет Европы, Страсбург, 1986.
 28. Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе. – М., 1987.
 29. Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовки переводчиков). – М., 1989.
 30. Щукин А.Н. Обучение иностранным языкам. Теория и практика. – М., 2006.
 31. Язык и культура. Лингводидактический аспект. / Материалы международной научно-методической конференции. Под ред. Кунанбаевой С.С. – Алматы, 1998.
 32. Strauss Dieter. Didaktik und Methodik Deutsch als Fremdsprache. Eine Einführung. – Langenscheidt, Berlin und München, 1994.
 33. Neuner G., Krüger M., Übungstypologie zum kommunikativen Deutschunterricht. – Langenscheidt, Berlin und München, 1995.
 34. Hermann Funk und Michael König. Grammatik lehren und lernen. Langenscheidt, 1997, Fernstudieneinheit 1.
 35. Barbara Dahlhaus. Fertigkeit Hören. 1998, Langenscheidt, Fernstudieneinheit 5.
 36. Ranier Ernst Wicke. Kontakte knüpfen. Langenscheidt, 1988, Fernstudieneinheit 9.
 37. Un nivel umbral-Ediciones Concejo de Europa – 1992.
 38. Objectifs de l'apprentissage des langues vivantes – Strasbourg, 1991.
 39. van Ek.A. Objectives for foreign language learning. Project No 12 – Strasbourg, 1991.
 40. A.Baeyen et R.Bergentoft. La langue vivante: apprendre, enseigner, évaluer. – Strasbourg, 1996.
 41. Dianne Larsen – Freeman Teaching English. Methods & Approaches. Video film.
 42. Jeremy Harmer. The Practice of English Language Teaching. London –

- New-York, 1991.
43. Monneri A. *Bienvenu en France. Méthode de français.* – Paris: Hatier/Didier, 1991.
 44. *Methodology in TESOL. A Book of Readings.* Edited by Michael H. Long & Jack C. Richards. USA, 1987.
 45. Savignon S.G. *Communicative competence. Theory and Classroom practice.* – M. Craw-Hill, 1997.

Авторский коллектив:

Кунанбаева С.С. – д.ф.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Иванова А.М. – к.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Кармысова М.К. – к.ф.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Кузнецова Т.Д. – к.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Головчун А.А. – к.п.н., доцент, КазУМОиМЯ им. Абылай хана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

КБShT 3208 КӘСІБИ-БАҒДАРЛАНҒАН ШЕТЕЛ ТІЛІ

5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі
бакалавриат мамандығы бойынша

2 кредит

Алматы 2016

АЛҒЫСӨЗ

1 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

2 ШКІР ЖАЗҒАНДАР: Тажибаева С.Ж., ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ; Кузнецова Т.Д., п.ғ.к., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.07.2016 жылғы № 425 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

4 Типтік оқу бағдарламасы 5В011900-Шетел тілі: екі шетел тілі бакалавриат мамандығы бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген

5 2016 жылы «4» шілдеде Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. № 11 Хаттама**

Мазмұны

1. Түсінік хат
2. Пәннің мазмұны
3. Пәннің тақырыптық жоспары
4. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

ТҮСІНІК ХАТ

«Кәсіби бағдарланған шетел тілі» пәнінің бағдарламасы педагогикалық мамандықтар бойынша бакалаврларды дайындау үшін әзірленген. Аталған пән негізгі шетел тілі типтік оқу бағдарламасының қисынды жалғасы болып табылады және 3-ші оқу жылына арналған.

Осы бағдарламада Қазақстан Республикасында білім беруді халықаралық білім беру стандарт талаптарына сәйкестену мақсатында негізгі шетел тілін оқыту тұжырымдамасының негізінде ұлттық білім беру жүйесін барынша ескере отырып, шетел тілдік білім беру негізінде кәсіби және терең дайындықты болашақ шетел тілі мұғалімдерін дайындаудың мақсаттары, міндеттері және мазмұны анықталған.

3-ші жыл оқыту барысында жоғарғы деңгейлі тіл меңгеру қалыптасады, яғни жалпыеуропалық С1 халықаралық стандартқа жақындайды.

3-ші жыл оқыту мерзімінде кәсіби бағдарланған шетел тілін оқытудың **мақсаты** одан әрі студенттердің шетел тілдік мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін жетілдіру және де шеттілдік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Кәсіби бағдарланған шетел тіліне оқыту базалық негізгі шетел тілінің ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді.

Мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру қарым-қатынас дағдыларын одан әрі дамытумен, сонымен қатар басқа әлеуметтік мәдениеттің әлемдік бейнесін терең ұғынумен, оның мағыналық бағдарларын танумен, оқытылатын мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көре білу және мәдениетаралық қарым-қатынас мәнмәтінінде қолдана білуімен байланысты. Оқудың осы деңгейінде студенттердің идиомалық сөз қорының арттыруының, фондық білімдерінің тереңдеуінің, кәсіби тілдің, жалпы мамандық, мәдени, елтану білімдерінің негізінде және қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуының нәтижесінде тілдік қоры жетіледі.

Мәдениетаралық-қатысымдық құзыреттілік шетел тілдік білім беру маманын даярлау үрдісінде негізгі құрамдас бөлік ретінде, төмендігілермен:

1. студенттердің кәсіби білім мен кәсіби тілді меңгеруін қамтамасыз ететін, жалпы кәсіби және арнайы кәсіби қарым-қатынас жасасуының аясында, сөйлеудің пәндік мазмұнымен қамтамасыз етіледі;
2. кәсіби-бағытталған құзыреттілікті кәсіби негізделген қарым-қатынас жағдайларды прагма-кәсіби тапсырмалардың негізінде шешу арқылы қамтамасыз етіледі;
3. кәсіби бағытталған әртүрлі жанрлы мәтінмен жұмыс істеу, аудармаға дейінгі сараптама жасау, аударма жасаудың тиімді қадамдарын жасаумен қамтамасыз етіледі;
4. арнайы кәсіби шетел тілі сабағының барысында оқыту мақсаттарын барынша тиімді орындау үшін сабақ өткізудің дәстүрлі емес түрлері мен әдістерін барынша қолдану керек (ток-шоу, пресс-конференция, топтық

сөзжарыс, дискуссия, сұхбаттасу т.б), оқу жаттығулары, диалогтық оқыту әдістері (кәсіби және рөлдік, видео және тыңдау материалдарының, компьютерлік техника негізінде жобалық жұмыстары т.б.)

Курс пререквизиттері: Берілген курс келесі пәндерден: «Мамандыққа кіріспе», «Педагогика», «Психология», «Негізгі шетел тілі», «Бастауыш мектеп жасындағы балалар Педагогикасы және Психологиясы», «Ерте жастан шетел тіліне оқытудың мазмұндық компоненті, жоспарлау және технологиясы» меңгерілген дағды, іскерлік пен біліміне негізделеді.

Курс кореквизиттері: «Шетел тілін оқыту әдістемесі», «Орта мектепте шетел тілдік білім беру әдістемесі мен технологиясы», «Шетел тілдік білім берудегі инновациялық технологиялары», «Шетел тілдік білім берудегі танымдық-интерактивтік технологиялар».

Курс постреквизиттері: «Оқу бағдарламасы мен оқыту материалдарын дайындау», «Оқу бағдарламалары мен шетел тілін оқытудың заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялары» «Бейіндік мектептердегі мәнмәтінге негізделген құзыреттілікті оқыту».

КӘСІБИ БАҒДАРЛАНҒАН ШЕТЕЛ ТІЛІ (С1 ДЕҢГЕЙІ)

Оқытудың үшінші жылында шетел тілінде қарым-қатынас құрудың базалық дағдыларын алдағы уақытта да жетілдіруімен бірге студенттер кәсіби қарым-қатынас мақсатында тілді қолдануда кәсіби бағытталған деңгейге қол жеткізеді. Студенттердің кәсіби мақсатта өзара байланысқа түсуі қарым-қатынастың қоғамдық-саяси, қоғамдық-мәдени және қоғамдық-кәсіби салалары мен сөйлеу тақырыбы көлемінде ұйымдастырылады. 3-ші курстағы ерекшілік қоғамдық-кәсіби және мәдениетаралық бағытын тереңдету, студенттердің болашақ мамандығына қызығушылықтарын арттыру; кәсіби мақсатта өзге діл мен мәдениетті зерттеу, оны өзіндік діл мен мәдениетті салыстырып, ұқсастықтары мен өзгешеліктерін анықтау арқылы олардың студенттердің өзіндік тұлғалық қасиеттерін (сараптаушы, креативтік қабілеттері, сыни ойлау, азаматтық және дүниетанымдық ұстанымдарын) қалыптастыруында болып табылады.

Курстың оқу материалы оқытылатын қарым-қатынас саласы мен тақырыптар мазмұнын дәлме-дәл ашатын сәйкес мәтіндерді, бейне және аудиоматериалдарды қолдануды қарастырады. Студенттердің белсенді сөздігі алдағы уақытта да, соның ішінде потенциалдық сөздік арқасында, 1200 лексикалық бірлікке толығады.

АЙТЫЛЫМ

Үшінші курста оқытудың негізгі мақсаты сөйлеу әрекетінің диалогтық түрінде студенттердің дәлел – пікірталастық дағдыларының, яғни әңгімелесу барысында қажет, пікірталастар, еркін кәсіби мәселелерді шешу дағдылары, диспуттар мен эмоциялар білдіру соның ішінде, мәдениетаралық қарым-

қатынас тілін пайдалану, идиоматикалық өрнектерді тиімді пайдалануды қалыптастыру болып табылады.

Ал сөйлеу әрекетінің монологтық түрінде диалог және полилог аясында монологты жүргізе алудың яғни сөйлеу әрекетінде дискурстың келесі түрлеріндегі құбылыстарды түсіндіргенде, өзіндік тәжірибені айтып бөліскенде, жағдаяттарды бағалау мен түсіндіргенде, өзіндік көз-қарасты білдіру, көпшілік алдында сөз сөйлеудің маңызы зор болып табылады.

ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІ

Жазу және жазбаша сөйлеу әрекетінде студенттердің әр түрлі жазу түрлерімен (академиялық жазу) танысу ары қарай тереңдетіледі, сонымен қатар олар жазуда өз ойын дәл және жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған мәтін ретінде, соның ішінде негізгі және маңызды сұрақ пен мәселелерді анықтай алу арқылы, оларды өз пікірімен, мысалдармен дәлелдей алу және өз ойын қорыта алу дағдылары қалыптасады.

Жазу тапсырмаларында есеп, жеке және ресми хат жазу, мақала және эссе жазуға ерекше көңіл бөлінуі керек.

ТЫҢДАЛЫМ

Студенттердің берілген курс тақырыптары мен мазмұнына сай келетін аутенттік монолог және диалог сөйлеу түрлері мен мәтіндерін ауыз-екі және жазба түрінде түсіне алу дағдысын жоғарғы дәрежеде дамыту.

Оқыту материалы ретінде аутенттік аудиомәтіндер: проза үзіндісін, поэма, драмалық шығармалар, белгілі қоғам және саясат қайраткерлерінің, ұстаздардың, ғалымдардың орын алып жатқан жағдайларға арналған радио-теле хабарларынан, фоно- және бейне-жазбалардағы сөз сөйлеуі негіз болады.

ОҚЫЛЫМ

Үшінші курста оқылымды дамытуда сыни оқудың негізгі стратегиялары тереңірек дамытылады. Сонымен қатар басқа да оқу түрлері (зерделеу, түсіну, қарау және іздеу).

Оқу материалы әдебиет үзінділері, очерктер, новеллалар, қысқа әңгімелер, публицистикалық, әр түлі әдебиет бағыттарындағы жазушылардың ғылыми-көпшілік мәтіндері, газет және журнал мақалалары, нұсқама, жарнама мәтіндері, анықтамалар, корреспонденциялар, статистикалық мағлұматтары бар құжаттар болып табылады.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

1. «Жаһандық сахнадағы балалардың «КВО» мәртебесі»
2. «Әлеуметтік мәселелер және қазіргі қоғамдағы жаһандық міндеттер»
3. «Қазіргі әлемдегі білім беру мәселелері»
4. «Мәдениет және заманауи әлем»
5. «Білім беру жүйесіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының даму бағыттары»

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

С1 деңгейіне сәйкес, базалық стандартты деңгейден жоғары деңгейде курстың пәндік мазмұны құрамына келесі когнитивті-лингвомәдени кешен (КЛК) кіреді:

- оқытудың осы деңгейін бейнелейтін қатысым аясы;
- осы аяны құрайтын тілдік тақырыптар мен тақырыпшалар жинағы;
- қарым-қатынастың типтік жағдаяттары.

Қарым-қатынастың қоғамдық-саяси аясы төмендегідей тақырыптарда қарастырылады:

1. «Жаһандық сахнадағы балалардың «КВО» мәртебесі» тақырыбы төмендегі тақырыпшаларда ашылады: «Балалардың өмір сүруіне жарамды әлем», «Балалар құқығының тапталуы», «Қоғамдағы балаларға деген салауатты қарым-қатынас» және бұл тақырыпшалар келесі типтік жағдаяттар негізінде жүзеге асырылады:

Ауызша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Конференцияға қатысушылар бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік ахуал және балалар, жасөспірімдер мен жастардың дамуының өзекті мәселелерін талқылайды;

- Дөңгелек үстелге қатысушылар жасөспірімдер мен жастар арасында теріс құбылыстарды еңсеру үшін профилактикалық іс-шаралардың ақпараттық, консультациялық, кадрлық, құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік мүмкіндіктерін, соның ішінде зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен зардап шеккен балалар үшін әлеуметтік қорғау және қолдау формалары мен әдістерін қарастырды;

- Форумның қатысушылары білім беру, әлеуметтік, медициналық және психологиялық, оңалту және жас ұрпақпен жұмыс істейтән өзге де мекемелерді «жетілдіру бойынша бірлескен ғылыми-практикалық ұсыныстар әзірлейді»;

- Конференцияға қатысушылар өркениетті дамытудың негізгі құндылықтары материалдық құндылықтар емес, адам және оның әлемі болу керек екенін талқылайды;

- Дөңгелек үстелге қатысушылар «тұлғаның шығармашылық және қоғамның әлеуметтік дамуы мен болашағы» жайлы талқылайды;

- «Дінаралық конфессия қатысушылары қазіргі заманғы өркениеттің ең маңызды мәселелерінің бірі ретінде көршілік этно- конфессиялық қатынастардың қалыптасуын талқылайды»;

- «XXI ғасырдағы отбасы» бағдарламасына қатысушылар келесі мәселелер бойынша сөз жарыстырады: Отбасы ата-аналарының ажырасуы салдарынан оңай ыдырайды;

- Отбасы құрылымы өзгерді ме: қазіргі уақытта бір немесе екі баласы бар отбасы басым болып келеді, бала тәрбиесі ата-анадан тыс жүреді: аулада, балабақшада, БАҚ-тың балаларға әсерінің күрт өсуі, сыртта ойнайтын

орындардың азаюы, өмірдің коммерциялануы.

Жазбаша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Эссе: «Сенімсіз балалық шақ: болмысы, болашағы және ықтимал шешу жолдары»;
- Брошюра: «Әділетсіздік - миллиондаған балалар мен болашақ әлемге қауіп төндіруші»;
- Мақала: «Балалардың жағдайы мен олардың құқықтарын қорғауды жақсартуға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары»;
- Аргументативтік эссе: «Қазіргі таңдағы балалардың әлеуметтік-мәдени ортасын дамыту уақыты».

Кейстер:

- Конференцияға қатысушылар «Балалар мен қоғам: әлеуметтік шындық және жаңашыл ойлар ...» Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания және Ресейдің халықаралық қатысуымен балалардың қоғамдағы орны, қоғамдағы қиыншылықтар мен оларды жеңу әдістері, қазіргі таңда мемлекеттік саясатты бағалау және сараптау, азаматтық қоғамның осы елдердегі балалардың жағдайын жақсарту мақсатында жасаған саясаты, олардың құқықтарын қорғау, әрбір елдегі балалар мүмкіндіктерін әлеуметтік өмірдің жеке субъекті ретінде талдау;

- «Мектепке дейінгі аймақтық білім беру жүйесін жаңғырту» атты дөңгелек үстелге қатысушылар мектепке дейінгі білім беру оқытушыларының бала, отбасы, қауым, үкімет және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысы мәнмәтінінде әлеуметтік және кәсіби мәртебесін анықтау мақсатында бірікті;

Жоба жұмысы:

- Шығармашылық және құрылымдық жоба: «Балалық шақтан жастар қатарына кіру: шекара, бастамашылық, жалпы және нақты мәселелер»;

- Жеке жоба: жоғары дамыған елдердің тәжірибесін негізінде «балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру» тақырыбында жоспар құрастыру;

- Болжамдық-талдамалы жоба «балалар мен жасөспірімдердің девианттық мінездері, оның себептері мен түзету жолдары»;

- Ынтымақтастық жоба: (Симпозиум немесе арнайы ғылыми-тәжірибелік семинар): «Мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен қоғам трансформациясы»;

Ғылыми жоба: «Гламурланылған балалық шақ: әлеуметтік бағыт немесе қоғам үшін қатер».

Қарым-қатынастың арнайы-кәсіби аясы

2. «Әлеуметтік мәселелер және қазіргі қоғамдағы жаһандық міндеттер» тақырыбы төмендегі тақырыпшаларда ашылады: «Студенттердің жаһандық құзыреттілігін және әлем туралы идеяларын қалыптастыру», «Көші-қон және босқындар мәселесі», «Қазіргі заманғы қоғам мен адам құқықтарын қорғау,

әлеуметтік және жаһандық міндеттер» және бұл тақырыпшалар келесі типтік жағдаяттар негізінде жүзеге асырылады:

Ауызша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Дөңгелек үстелге қатысушылар «Жаһандық тенденциялар және қазіргі қоғамның міндеттері. Жаһандық әлемдегі білімнің рөлі» жайлы талқылайды;
- Баспасөз конференциясына қатысушылар «Заманауилық “тұжырымдамалық гасыр” ретінде» атты мәселені талқылайды;
- Баспасөз конференциясына қатысушылар галамдық білім мәселелері: артықшылықтары мен қиындықтар жайлы талқылайды;
- БҰҰ сессиясының Экономикалық және әлеуметтік даму комитетінің (ECOSOC) отырысына қатысушылар қазіргі қоғамдағы көші-қон және босқындар мәселесінің аспектілері және шешу жолдары жөнінде; қазіргі қоғам мен адам құқықтарын қорғаудың әлеуметтік және жаһандық міндеттері жайлы талқылайды;
- Пікірталасқа қатысушылар «Көші-қон және босқындар мәселесі: жақтау және қарсылық білдіру» жайлы мәселені талқылайды;
- Дөңгелек үстелге қатысушылар «Иммигранттар буыны: ұқсастықтары мен айырмашылықтары» атты тақырыпты талқылайды;
- Пікірсайысқа қатысушылар «Урбанизация және қалалық өсуі: артықшылықтары мен кемшіліктері» атты тақырыпты талқылайды;
- Пікірсайысқа қатысушылар «Адам құқықтары: бұзылуы және қорғау» жайлы мәселені талқылайды.

Жазбаша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Жаһандық білім тақырыбында мақала оқып, сыни талдау жазу;
- БҰҰ сессиясын өткізу үшін портфолио құрастыру: «Мемлекеттер бейіні» жайлы жазу; «Талқыланған мәселе бойынша елдің ұстанымы декларациясын» жазу;
- Аргументативтік эссе: «Әлемдегі технологияның ықпалы және дамуы: артықшылықтары мен кемшіліктері»;
- Қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелер тізімін жасау;
- Эссе: «Жаһандану дәуіріндегі адам құқықтары».

Кейстер:

- Мини – симуляцияны ұйымдастыруда кезең-кезеңімен жұмыс жасау шеңберінде прагмо-кәсіби тапсырманы шешу «БҰҰ сессиясын үлгілеу»: Ұйымдастыру мен құрылымы жайлы негізгі фактілер, сыныпта БҰҰ сессиясые үлгілеу (сайттар мен бейне-материалдарды зерделеу), Пікірсайыстың лингвистикалық негіздерін қалыптастыру (БҰҰ сессиясына қатысты және отырыс барысында пайдаланылатын терминдер);
- Талқылау: «Әлем қалалары және көші-қон мәселесі»;
- «Әлеуметтік мәселелер мен адам құқықтары» тақырыбында жағдайды талқылау және тақырып бойынша шешім нұсқаларын таңдау;
- Талқылау: «Қазақстан және жаһандану үдерісі: оң және теріс тұстары»

Жоба жұмысы:

Жеке жоба: Келесі тақырыптар бойынша негізгі ұғымдарды талдау және таныстыру «Әлемдік қауымдастық. Global Village», «Қазіргі таңдағы мәселелер және міндеттер», «Әр түрлі топтар мен мәнмәтінде ойларды жеткізудің жолдары және келешегі; «Жаһандық міндеттерді шешуге қатысу және іс-қимыл стратегиясы», «Өмір бойы (Lifelong learning) және 21-ғасырдағы білім беру».

Шығармашылық және құрылымдық жоба: Топ мүшелері жаһандық білім беру және Қазақстандағы студенттердің әлемдік құзыреттілігін дамыту мәселелерін талқылайды, «ұсынылған ойларды еліміздің білім беру жүйесіне енгізу жоспарын (бағдарламасын)» құрастырады, аталған жоспарды (бағдарламаны) жүзеге асыру мүмкіншіліктері мен мәселелерін талқылайды;

Болжамдық-талдамалы жоба: «Әлемдегі көші-қон түрлері мен аспектілері: осыған дейінгі, қазіргі және болашақтағы тенденциялар»;

Ынтымақтастық жоба: «Қоғамдағы әлеуметтік мәселелер және адам құқықтары: шолу картасын құрастыру»

Ғылыми жоба: «Волонтерлік қызметті әлеуметтік құбылыс ретінде».

Қарым-қатынастың арнайы-кәсіби аясы

3. «Қазіргі әлемдегі білім беру мәселелері» тақырыбы төмендегі тақырыпшаларда ашылады: «Қазіргі заманғы университет және инновациялық білім беру ортасы», «Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық», «Интеграцияланған пәндер», «Дуалды оқыту. Ғылым, білім, өндірістің интеграциясы» және бұл тақырыпшалар келесі типтік жағдаяттар негізінде жүзеге асырылады:

Ауызша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Конференцияға қатысушылар әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың қазіргі тенденциялары жайлы талқылайды;
- Дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақстандағы білім беру ұйымдарын дамыту жолдары және болашағы жайлы талқылайды;
- Назарбаев Университеті өкілдері жаңа оқыту бағдарламалары (бакалавриат, магистратура, докторантура, мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларына арналған біліктілікті арттыру курстары) жайлы презентация қорғайды.
- Сіз академиялық ұтқырлық бағдарламасының қатысушысыз. Шетелде білім алудың мүмкіндіктері жайлы айтыңыз;
- Әдістемелік семинарға қатысушылар мектепте интеграцияланған пәндерді жүзеге асыру тәжірибесін талқылайды; (мысалы, «Таным теориясы», Creativity, Action, Service (CAS));
- Топ мүшелері ғылым, білім және өндіріс интеграциясы жөніндегі сұрақтар бойынша іс-шаралар жоспарын әзірледі талқылайды.

Жазбаша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Талапкерлерге арналған брошюраға аналитикалық хабарлама: «Қазіргі таңдағы біздің университет және факультет»;
- Ғылыми-көпшілік журналға мақала: «Шетелде білім алу»;
- Аргументативтік эссе: «Шетел тілдерін оқытуды балабақшадан бастау керек»;
- Эссе-пікір: « Әлемдегі табысты білім беру жүйелері»;
- Аналитикалық хабарлама: «Мектептегі менталдық арифметика: артықшылықтары мен кемшіліктері»;
- Эссе: «Оқушы академиялық пәндерге көп көңіл бөлу керек болғандықтан, бейіндік мектепте дене шынықтыру сабақтарын бас тарту керек пе?»;
- Эссе: «Балалар Өнер және Табиғат пәндерін мектепте оқымауы керек. Негізгі пәндер ретінде тілдік пәндер мен математика болуы керек. Берілген пікірмен қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?»;
- Статистикалық есеп пен диаграмма құрастыру: «Жастарды Қазақстандағы және шетелдегі ғылым, білім беру және өндіріс салаларына тарту».

Кейстер:

- Мини – симуляцияны ұйымдастыруда кезең-кезеңімен жұмыс жасау шеңберінде прагма-кәсіби тапсырманы шешу;
- Конференцияға қатысушылар мектеп директорлары, жоғары оқу орындарының ректорлары, жастар ұйымдарының өкілдері «Үйлесімді жеке және кәсіби даму мүмкіндіктері мен шарттары және Қазақстандағы әлеуметтік мәселелерді шешуге жастардың тартылуы» атты бағдарлама жоспарын талқылайды, талқылау барысында келесі мәселелер ескеріледі:
 - Оқытудың инновациялық әдістерін жаппай енгізу;
 - Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту;
 - Жаңа білім беру модульдері мен платформаларын әзірлеу және енгізу;
 - Қолданыстағы білім беру жүйесіне және біліктілікті жоғарылатуға жастардың қолжетімділігін арттыру.
- Брифинг қатысушыларына ҚР «Білім туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Дуалдық оқыту және дуалдық оқыту механизмдеріндегі ынтымақтастық жайлы, дуалдық оқыту барысында кездесетін мәселелер мен олардың шешімдерді жайлы талқылау ұсынылынады;
- «Білім беру жүйесі және оның қазіргі қоғамдағы орны» атты форумның қатысушылары өмір бойы оқытуға ықпал ететін қазіргі уақыттағы жастардың негізгі құзыреттіліктері жайлы пікірталас өткізеді.

Жоба жұмысы:

- Жеке жоба: Келесі тақырыптар бойынша негізгі ұғымдарды талдау және таныстыру «Оқытудың дуалдық жүйесін енгізу: тәжірибелер мен мәселелер», «Дуалдық оқыту. Тәжірибесі. Мәселелері. Келешегі»

- Шығармашылық және құрылымдық жоба: «Дуалдық оқыту. Дуалдық оқыту Қазақстанда кадрлар даярлаудың тиімді жолы ретінде. Дуалдық жүйе: жұмыссыздыққа қарсы қадам ретінде» атты бағдарламаны іске асыру жолдарын қарастыру;
- Болжамдық-талдамалы жоба: Top мүшелері Қазақстандағы әлеуметтік әріптестік мәселелері жайлы талқылайды, «Әлеуметтік серіктестік - жас білім алушылардың кәсіби сала таңдауында және оған табысты бейімделуінде ең маңызды фактор» атты тақырыпқа жоспар құрады;
- Ынтымақтастық жоба: «Академиялық ұтқырлық және оның функциялары: әлемдегі жетекші жоғары оқу орындары, стипендиялық бағдарламалар, білім беру және ғылыми ұйымдармен тиімді, тұрақты қарым-қатынасты дамыту және орнату; Студенттер, оқытушылар мен профессорлар құрамы, қызметкерлер үшін жаңа халықаралық бағдарламалар іздеу, ақпарат тарату және кеңес беру»;
- Ғылыми жоба: «Интеграцияланған амал – жаратылыстану пәндерін оқытуда көпсалалы білім беру элементі ретінде»

4. «Мәдениет және заманауи әлем» тақырыбы төмендегі тақырыпшаларда ашылады: «Мәдениетаралық қатысым», «Адам мәдени ерекшелігін сақтау», «Қазіргі қоғамның моральдық-этикалық үлгісі», «Қазіргі жағдайда жеке тұлғаны тәрбиелеу және білім беру мәселелері» және бұл тақырыпшалар келесі типтік жағдаяттар негізінде жүзеге асырылады:

Ауызша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- «Қазіргі қоғам мәселелері» атты дөңгелек үстелге қатысушылар «Рухани-адамгершілік дамыту және жеке тұлғаны әлем азаматы ретінде тәрбиелеу тұжырымдамасын» даярлау мақсатында бас қосты;
- Халықаралық конференцияға қатысушылар өздерінің тезистерін «Мәдениетаралық қатысым және мәдениеттер сұхбаты» секциясында таныстырады
- Пікірталас: «Қазіргі қоғамдағы адамгершілік мәселесі»;
- «Жаһандану жағдайында бірегей болу мәселесі»;
- «Жеке тұлғаның дамуына тарихи-мәдени мұраның әсері».

Жазбаша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Эссе: Сіз келесі оймен қаншалықты келісесіз: «Тәрбие берудің рухани идеясы отбасылық тәрбие беру идеясы болып табылады. Отбасы Отанның негізі, ұлт іргесі қазғидасы ретінде, отбасылық тәрбие беру рухтың басшылығымен және салт-дәстүрлерімен ұлттық болуы тиіс»;
- Баяндама: «Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік, әлеуметтік және мәдени салаларындағы дағдарыс себептерінің бірі - дәстүрлі отбасы негіздерінің жойылуы»;
- Мақала: «Әлеуметтік кеңістік пен уақыттағы ұлттық мәдениет»;
- Аналитикалық хабарлама : «Бүгінгі қоғамда жеке тұлғаның өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігі».

Кейстер:

- *«Мәдени әртүрлілік туралы ЮНЕСКО-ның жалпыға бірдей декларациясы» атты тақырыпта білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас конференциясын үлгілеу;*
- *Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысына қатысушылар келесі мәлімдеме бойынша өз пікірлерін білдіреді: «Әр адамның өз қалауы бойынша, кез-келген тілде, атап айтқанда ана тілінде өз ойын, шығармашылығын жеткізуге және өзінің шығармаларын таратуға мүмкіндігі болуы тиіс, әр адам мәдени ерекшелігіне толық құрметпен қарау жағдайында сапалы білім алуға және кәсіби даярлықтан өтуге құқылы; әр адам өзінің қалауы бойынша мәдени өмірге араласуға және өзінің мәдени дәстүрлерін адам құқығы мен негізгі бостандығын сақтау жағдайында ұстануға мүмкіндігі болуы тиіс»*

Жоба жұмысы:

- *Жеке жоба: «Қазіргі заманғы мектеп жағдайында азаматтық және патриоттық тәрбие мен оқыту жүйесінің үлгісін жасау»*
- *Ғылыми жоба: «Мәдени плюрализм демократиямен тығыз байланысты бола отырып, қоғам өмірінде мәдени алмасуда және шығармашылық мүмкіншіліктерді өркендетуде қолайлы орта орнатуға жағдай жасайды».*
- *Шығармашылық және құрылымдық жоба: Топ мүшелері келесі пікірдің дұрыс екенін дәлелдейді: «Мәдени аралуандылық кілті сөз бостандығы болып табылады, бұқаралық ақпарат құралдарындағы плюрализм, көптілділік, көркем шығармашылыққа және ғылыми-технологиялық білімге тең дәрежедегі қолжетімділік, сонмен бірге барлық мәдениеттерге идеяларды таныстыру және тарату құралдарына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету».*

5. «Білім беру жүйесіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының даму бағыттары» тақырыбы төмендегі тақырыпшаларда ашылады: «Smart - білім беру және электрондық оқыту технологиясы (Жаппай Ашық Онлайн Курстар (ЖАОК), Оқыту платформалары (MOODLE)», «Отандық және шетелдік электрондық білім берудің линводидактикалық ресурстары (ЭББР)», «Білім беру мақсатында әр түрлі БАҚ-та қолданылатын медиа стратегиялар және тәсілдер»; «Білім беру мақсатында жиі пайдаланылатын БАҚ арналары жайлы»; «Тұрғындарының белгілі бір тобын (жынысы, жасы, қызығушылығына қарай бөлінген топтар) оқытуда медианың рөлі және аталған категория бойынша ең өзекті білім берудегі медиа-порталдар» және бұл тақырыпшалар келесі типтік жағдаяттар негізінде жүзеге асырылады:

Ауызша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- *«Қатысушылар педагогикалық технологияларды білім беру БАҚ жүйесіне енгізу мүмкіндіктері жайлы талқылайды».*
- *«Қатысушылар БАҚ түрлерін олардың өзектілігіне байланысты ерте жастан оқыту / мектеп жасында / жоғары оқу орындарында оқыту*

шеңберіне қарай саралайды және әр түрлі пәндерді оқыту тұрғысынан БАҚ-тың бірнеше түрлерін біріктіру мүмкіндіктері туралы қорытынды жасайды».

Жазбаша қатысым түрлерін дамыту үшін:

- Эссе: «Қазақстан/ Ресей / Еуропа елдеріндегі білім беру медиа дискурсы және оның өзге аймақтардағы дискурстан айырмашылығы»;
- Білім беру блогында берілген дәйексөз негізінде аналитикалық эссе: «Жазбаша білім беру дискурсы мәдениеті»;
- Білім беру ұйымдарына ұсыныс хат: «Қазіргі білім беру жүйесіне білім беру БАҚ арналарын енгізудің өзектілігі».

Кейстер:

- Қатысушыларға мәдени және білім беру құндылықтары сақталған бірнеше медиа-порталдарға кіру ұсынылады (бейне-блогтар, подкасттар, синхронды және асинхронды вебинарлар және теле-конференциялар). Қатысушылар аудиторияның белгілі бір тілге, ынталандыру деңгейіне, академиялық дәрежесіне/ жасына/ мүмкіншіліктеріне, сонымен қатар пәнаралық білім беру жағдайында (жобаға-негізделген оқыту, т.б.) медиа-порталдың мазмұнын бейімдеп-қолдануына қарай берілген мазмұнды кеңейту/ бейімдей мүмкіншіліктерін талдайды;
- Қатысушыларға мәдени және білім беру құндылықтары сақталған бірнеше медиа-порталдарға кіру ұсынылады (бейне-блогтар, подкасттар, синхронды және асинхронды вебинарлар және теле-конференциялар). Бірнеше білім беру БАҚ медиа арналарын салыстырмалы талдау негізінде қатысушылар базалау критерийлер жүйесін/ сапалы білім беру БАҚ арналарын (қалауы бойынша ерте / мектеп / ЖОО оқыту деңгейлері) анықтауға арналған талаптарды дайындайды

Жоба жұмысы:

- Зерттеу: «Қатысушыларға белгілі бір академиялық пән шеңберінде (мектеп немесе ЖОО деңгейінде) берілген пәннің мазмұнын толықтыратын және кеңейтетін БАҚ арналары тізімін жасау ұсынылады»;
- Рейтинг: Қатысушылар ең өзекті білім беру БАҚ арналары (ерте / мектеп / ЖОО оқыту деңгейлері) жайлы ақпарат жинайды және ақпарат көзінің көпшілікке белгілі болуы қандай факторларға байланысты екенін анықтайды (нақты медиа дереккөзі негізінде).
- Болжау: «Қатысушыларға қашықтықтан оқу курсына білім беру БАҚ арналары арқылы құрастырудың маңыздылығын талдау және белгілі бір білім беру БАҚ арналары қолданылған қашықтықтан оқу курсының микро-үлгісін/бөлшегін таныстыру ұсынылады».

С1 ДЕҢГЕЙІ

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ПРОДУКТИВТІК ТҮРІН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ

А. Диалогтік сөйлеу

Диалогтың функционалдық түрлері:

1. Сұхбат.
2. Пікірсайыс.
3. Пікірталас.

Студенттер келсідей коммуникациялық актілерді жүзеге асыралады:

1. сөз талғауда кенеттен, еш қиындықсыз ой-пікірін білдіру (кәсіби дәне күнделікті жағдаяттарды айтушының сөйлеуі тілдік амалдарың әртүрлілігімен және қолданыстың нақтылылығымен ерекшеленеді);
2. әртүрлі тақырыптар бойынша еркін сөйлеу: жалпы, оқыту, кәсіби, сондай ақ ой арасында байланысты анық білдіре сөйлеу;
3. сөз тапшылығын бүкпелей отырып өз пікірін еркін білдіру;
4. дайындықсыз грамматикалық қателерді жібермей, көзге түсетін шектеулерінсіз, өзінің сөйлеу серіктесімен әртүрлі әлеуметтік рөлдерді сақтау арқылы қарым-қатынасу;
5. өз қызығушылығын кез келген жағдайда немесе істе айқындап көрсету, өз көзқарасын керекті дәлелдермен түсіндіру немесе дәйектеу.

Қарым-қатынас функцияларымен сәйкес студенттер:

танымдық:

- ақпарат сұрастырып;
- тілі оқытылатын елде және Қазақстан Республикасында көкейтесті саяси, экономикалық, мәдени және т.б. оқиғалар бойынша хабардар екенін білдіре;
- шетелдік әріптестермен мамандық бойынша қарым-қатынасқа түсіп, пікірсайыс және жиналыс бастап;
- түсініктеме бере;
- талқыланатын мәселені тұжырымдау, күн тәртібін жариялай;
- мәлімдеу, көзқарастарды қарсыластандыра;
- вербалды және вербалды емес деңгейлерде шетел тілінде қанатты сөздерді қолдану арқылы коммуникативтік интенцияларды жүзеге асырудың ерекшеліктерін біліп;
- келіспеушілік пен келісімді белгілі бір көзқарас арқылы дәйектей;
- қорытынды жасап, баяндаманың түйінін бере алады.

реттеушілік:

- интеллектуалдық немесе эвристикалық іс әрекетке (бірге ойлануға); итермелей;
- әңгімелесушіге эмоционалды түрде әсер етіп;
- айқындамасы мен мінез-құлқысын басқара;
- әңгіменің жалғасуын ынталандыра;
- сендіре;

- дегеніне көндіре;
- талап ете;
- ескерте;
- ұсына;
- жиналыс жүргізу, пікір талас пен пікірсайыс дұрыс арнаға бағыттау;
- баяндамашы таныстыру, ол туралы бір ауыз сөз айту, қатысушыларды ынталандырып, баяндамашыға сұрақ қоя;
- сөз сөйлегені үшін алғыс білдіріп, күн тәртібіндегі келесі сұраққа көшу;
- сөз сөйлеу уақытын шектеу, баяндамашының сөзін тоқтату, ұсынысты қабылдамау, алтернативті ұсынысты бере;
- сөз сөйлеу қажеттілігіне көндіріп, қарсылыққа төтеп бере, мәселенің егжей-тегжейін анықтау, дәлелдемені дамыта;
- әңгіме тақырыбын өзгерту;
- жағымды ахуал тудырып, пікірталас қатысушыларын ортақ шешімге келтіре алады;

құндылықты-бағдарлы:

- белгілі және сипаталып жатқан тәжірибедегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерді салғастыра;
- сынай;
- ақтап, кінә арта, жазғыра;
- көтермелеп, ынталандыра;
- қорғай;
- өз келісімі мен қарсылығын астыртын білдіре;
- өз пікірін білдіре;
- сенімділік, мүмкіндік пен мүмкінсіздік білдіре;
- дау-таласқа қосылу;
- бастаманы өзіне қалдырып немесе серіктесіне бере;
- кіріспе және қорытынды сөзді мәйектей;
- назар аударта;
- жауаптан жалтара;
- әңгіме тақырыбын өзгерте;
- әңгіменің жалғасуына көндіре алады;

Диалогтік сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау критерийлері:

1. Коминикативтік ниеттерді жүзеге асыру.
2. Ықпалдылық, сөйлеудің ықыластылығы (бірге ойлануға сөйлеу серіктесін итермелеу, эмоционалдылық, назар аударту үшін амалдар қолдану, деректерді бағалау, серіктестің ойлануын сыни және сапалы талдау, сөйлеу және сөйлеу емес мінез-құлығын дұрыстау, реакцияның жылдамдығы, әңгіменің басы мен аяғын рәсімдеу амалы)
3. Таңдалып алынған тілдік амалдардың функционалды-коммуникативті сәйкестілігі (ерекше синтаксистік құрылымдар, қысқартулар, эллипсистер, паралалингвистикалық және т.б. амалдардың қолданылуы)

4. Сөйлеудің тілдік дұрыстығы (екпін, лексикалық және грамматикалық).

Б. Монологтік сөйлеу

Сөйлеудің шығармалық-коммуникативтік түрлері:

- сипаттама;
- баяндама;
- хабарлама;
- ой жүгірту.

Дискурс түрлері:

- түсіндірме;
- бағалау;
- түсінік беру;
- шолу;
- түйіндеме.

Студенттер келесідей коммуникативтік актілерді жүзеге асыра алады:

- түрлі тақырыптық сипатта пікір құру;
- түгел суреттеу, баяндау / күрделі тақырыптарға баяндама беру, тақырыпшаларға тереңдетіліп, жекелеген тақырыптарды жетілдіріп, керекті қорытынды шығару ;
- толық айту мен сипаттау, диалог /полилогта өз пікірін айтып қатынасу, дәлелдерін растау.

Студенттер жүзеге асыра алады:

- арнайы сөздікті пайдалана отырып берілген тақырыпқа, мәселеге ой білдіру;
- саяси оқиғаға түсінік беру;
- екі елдің мемлекеттік құрылымын - түсіндіру;
- берілген тақырыбы бойынша жекелеген баяндама, хабар жасау,
- негізгі ойларға баса назар аударып баяндау;
- оқылған, естіген, көрінген бойынша қорытындылар жасау;
- таңдаған маманығының сол елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуындағы рөлі және оны дамыту мүмкіншіліктері жайлы айта алады.

құндылықты-бағдарлы:

- тақырып бойынша, мақал бойынша, жалпылауды қолдану, талдау, дәлелдеу, өзінің көзқарасын білдіру мақсатында пікір айту арқылы монолог құрастыру;
- белгілі критерийлер бойынша айтушының сөзін талдау;
- мәтінді модальдық-бағалаушы мазмұнының ерекшелігіне және кейіпкерлерге байланысты аудару;
- әңгіме, пікірсайыс, пікірталас нәтижесіне қарай қорытындылау және бағалау.

реттеушілік:

- ұсыныстар айту;

- бірге ойлануға түрткі болу;
- адресатқа және қарым-қатынас жағдаятына сәйкес оқылған немесе тыңдалған мәтін бойынша сөйлемді қайта құрастыру.

этикеттік:

- тілдік құралдарды адресаттың коммуникативтік ниетіне сай қолдану;
- алғы сөз, үндеу айту;
- басқалардың айтқанының дұрыстығын/дұрыс еметігін негіздеу.

Монологтік сөйлеу дағдыларының қалыптасқандық деңгейін бағалау критерийлері

1. Коммуникативтік ниеттерді жүзеге асыру, (мәлімдеу, итермелеу, негіздеу).
2. Тақырыптың мағынасын ашу, мазмұндық - мағыналық молықтыруы (толықтығы, ақпараттылығы, көлемі).
3. Мағыналық және құрылымдық аяқталымдылық (сөйлеу байланыс жүйесіне сәйкес).
4. Сөйлеудің тілдік дұрыстығы

Сөйлеу

Нормативтер:

Сөйлеу уақыты - 15 минут

Диалогтік сөйлеу (оқытушы – студент, студент – студент) 11 мин.

Монологтік сөйлеу 4 мин.

ЖАЗБА СӨЗ

Композициялық тілдесу нысаны:

- сипаттама;
- әңгімелесу;
- пікірлесу.

Дискурс түрлері:

- жеке және ресми хат;
- реферат;
- баяндама;
- хабарламаның тезистері;
- баяндама ;
- эссе.

Студенттер:

- анық және логикалық түрде өз ойын жазбаша білдіре және егжей-тегжейлі өз пікірін баяндай алады;
- хаттарда, шығармаларда, баяндамада күрделі мәселелерді маңызды мәліметтерге баса назар аудара отырып, толық жаза алады;
- адресаттың байланысты әр түрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, әр түрлі мәтіндер жаза алады;
- логикалық, бірізді түрде іс-шараларды, фактілерді өз көзқарасын білдіре отырып, мысалдар келтіре отырып сипаттай алады;

- Баяндаманың мәтінін құрастыра алады;
- факс арқылы әріптесін әуежайдағы, вокзалдағы кездесулер жайлы ескерте алады;
- шетелдік-қонақтарға шақырулар (факспен) құрастыра алады, шақыруларды қабылдап, кәсіби-бағдарланған конференцияларға, симпозиумдарға т.б. қатыса алады;
- кітаптың, мақаланың, т. б. мазмұнын қысқаша баяндай алады;
- оқыған/тыңдаған мәтіндердің мазмұнын жазбаша түрде қорытындылай алады;
- әдеби, қоғамдық –саяси, педагогикалық тақырыпта немесе жағдаятқа сүйене отырып белгілі бір ақпаратты (ойды, сезімдерді) хатта нақты, дәлелденген түрде бере алады;
- бланкалар мен сауалнамаларды дұрыс толтыра алады;
- сауалнама сұрақтарын құрастыра алады;
- ресми деңгейі әр түрлі хаттарды даярлай алады.

Жазба сөз дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау критерийлері

1. Коммуникативтік ниеттерді жүзеге асыру. Баяндаудың орамдылығы (ұсынылатын фактілердің объективті көрсетілімі, олардың қисындық байланысы).
2. Сөйлеу мазмұндылығы (ақпараттылық, лексикалық қанықтылық);
3. Шығармашылық тәсілдеме (өз пікірін айту, мәліметінің әлеуметтік мәдени, кәсіптік мәнін түсіну)
4. Сөйлеудің тілдік дұрыстығы (лексикалық және грамматикалық, дискурстың грамматикалық әлеуметтік мәдени көрсеткіштерінің сәйкес келуі).

Жазба сөз

Нормативтер:

Уақыт – 1 сағат

Көлемі –250-280 сөз

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ РЕЦЕПТИВТІК ТҮРІН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ ТЫҢДАУ

Есту барысында студенттер:

- нақты логикалық құрылымы бар, монолог және диалогтарды түсіне алады;
- теледидар бағдарламаларын, радио бағдарламаларын, фильмдер еркін түсіне алады;
- аутенттік кәсіби-бағдарланған аудиомәтіндердің мазмұның түсіне алады, таныс емес сөздердің мағынасын мәнмәтінге қарай айта алады, қалыпты жылдамдықта жазылған жазбада кейбір сөздерге назар аудармай тиісті ақпаратты ала алады;
- аутенттік материалды қалыпты жағдайда қайтадау сұрау, нақтылау арқылы

қабылдай алады;

- регистрдің өзгергенін байқай отырып, ауызекі сөйлеу бірліктері мен тұрақты сөз тіркестерін ажырата алады;
- әдеби және ауызекі сөйлеу, журналистік стильдеріндегі, сондай-ақ сөйлеу тақырыбы аясында әр түрлі коммуникативтік салалардағы ғылыми стильде элементтері бар аудиомәтіндерді егжей-тегжейлі түсіне алады;
- шетел тілін ана тілі ретінде сөйлеушілердің әңгімесінің мазмұнын; прагматикалық мәтіндерді түсіне алады (вокзалдағы, конференц-залдағы хабарламалар т.с.с.)
- мәтінге дейін берілген тапсырмаларға сүйене отырып және тыңдалған аудиомәтін бойынша өзіндік гипотезалар ұсыну;
- кәсіби-маңызды ақпаратты белгілеу;
- тыңдалған ақпараттарды ажырату (негізгі ақпарат және қосымша ақпарат)
- аудиомәтінді тыңдай отырып тапсырмалар отындау, сөздер/сөйлем қоя алу;
- мәтіннің басы мен аяғы болжау (оқытушының берген тапсырмаларына сәйкес);
- аудиомәтіндегі кейіпкерлерді бейнелеу және бағалау (күптау/күптамау)
- алған ақпараттың кәсіби маңыздылығын бағалай алу.

Тыңдау дағдыларының қалыптасқандық деңгейін бағалау критерийлері:

1. Аудиомәтінді толық түсіну деңгейі (алға қойылған міндеттерге сәйкес) (тест тапсырмаларының дұрыс орындалуы).
2. Аудиомәтінді түсінудің анықтығы (мағыналы сөз тіркестерін анықтау, автордың коммуникациялық ниетін анықтау)
3. Аудиомәтінді мағынасын терең түсінудің деңгейі (түсінікті және түсінікті емес негізгі және қосалқы факторлардың сандық арақатынасы)
4. Аудиомәтінді сыни тұрғыдан түсіну (алға қойылған міндеттерге сәйкес).

ТЫҢДАЛЫМ

Нормативтер:

Тапсырманы тыңдауға және орындауға берілетін уақыт - 45 мин.,

в области поискового чтения:

извлекать информацию для доклада, сообщения, аргументации;

извлекать профессионально-значимую информацию;

делать обзор отобранных письменных источников информации;

реферировать, аннотировать;

излагать содержание в виде вторичного текст, аннотации, резюме; и др.

Критерии оценивания уровня сформированности умений чтения:

Определение коммуникативного намерения автора.

Степень полноты понимания текста (в зависимости от вида чтения) (правильное выполнение тестовых заданий).

Выражение собственного отношения к явлениям, событиям, персоналиям текста.

Точность извлекаемой информации (понимание текста на уровне значения

языковых единиц).

Чтение

Нормативы:

Время – 1 час 15 минут

Объем – 1 текст-литературное обозрение (500-600 слов), ознакомительное чтение

- 1 статья из журнала (500 слов), изучающее чтение
- 1 газетная статья (800 слов), просмотровое чтение
- 1 текст из туристического проспекта (1000-1200 слов), поисковое чтение

Домашнее чтение: объем текста - 2300 слов (в неделю)

Профессионально – формируемые умения студентов по изучаемому УК: ожидаемый результат

осмыслять свою собственную стратегию усвоения языка и стратегию общения на иностранном языке;

выступать в роли инициативного партнера и вовлекать сокурсников в различные формы речевого общения и учебно-речевых ситуациях;

преобразовывать путем постановки коммуникативной задачи некомуникативные упражнения в коммуникативно-ориентированные;

составлять коммуникативно-направленные упражнения;

формулировать на изучаемом иностранном языке инструкции к проведению интерактивных форм обучения (парная и групповая формы в рамках организации проектной работы и т.д.);

классифицировать ошибки сокурсников по источникам их возникновения и намечать пути их устранения (при достаточно терпимом к ним отношении);

разъяснять цели, задачи и последовательность выполнения учебных действий;

анализировать диалогические тексты и выделять в них диалогические единства для иллюстрации различных функций общения и способов их выражения (информационной, эмоционально – оценочной, побудительной, контактоустанавливающей)

анализировать тексты школьных учебников и выбирать из них примеры для демонстрации контекстуального значения заданных лексических единиц и особенностей их употребления;

подбирать дополнительный культурологический насыщенный материал к отдельным темам школьной программы;

организовывать и вести диалог полемического характера.

Итоговый контроль третьего года обучения состоит из 2-х частей:

Письменная часть экзамена (50 минут)

Задания, контролирующие сформированность умений письменной речи (см. нормативы С1) - 40 минут

Устная часть экзамена -15 минут

Говорение:

- диалогическая речь (режим преподаватель – студент, студент – студент) 11 мин.

- монологическая речь 4 мин.

**Грамматический материал курса
(Учебный материал по практической грамматике)**

Non-finite forms of the verb. The Forms of the Infinitive and syntactic Functions of the Infinitive.

The Objective –with – the Infinitive Predicative Construction. The for-to-Infinitive Predicative Constructions.

The for-to-Infinitive Predicative Constructions and their Syntactic Functions in the Sentence.

The Gerund: forms and functions.

The Predicative constructions with the Gerund and their syntactic functions.

The difference between the Infinitive and the Gerund in usage.

Participle I, form and function.

Participle II, meaning and function.

The predicative constructions with the participle and predicative Constructions with /without Participle. The Nominative absolute participial Predicative construction.

The Nominative Absolute Construction.

The Syntax of the Simple Sentence. The classification of the Simple Sentence according to the purpose of the utterance and structure.

The Principal parts of the sentence. The subject and its types and ways of expression.

The predicate, its types and ways of expression.

The Secondary parts of the Sentence (the object, the attribute, the adverbial modifiers), their types and ways of expression.

The Compound Sentence (Syndetical and asyndetical) types of Coordination.

The Complex Sentence. The Subjective Subordinate clause. The predicative, the Attributive, the Objective, the Adverbial Subordinate Clauses.

Syntactic analysis of the sentence.

СПИСОК РЕКОМЕНДУЕМОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Основная литература

1. Tuyakaeva D.Sh., Kalibayeva A.G., Karibayeva B.E. Course book for juniors. Almaty, 2007.
2. Richard Acklam with Sally Burgess, Gold Course Book, Longman, 2001.
3. Richard Acklam with Sally Burgess, Gold Exam Maximiser, Longman, 2001.
4. Martin Hewings. Advanced Grammar in Use. Cambridge University Press, 2005.
5. Richard MacAndrew. CAE Practice tests.-Oxford, 2002.
6. Amanda French.CAE Test builder. Macmillan, 2003.

7. Mark Harrison, Rosalie Kerr. CAE Practice tests.- 1999.

Дополнительная литература

1. Jean A. McConochie '20th Century American Short Stories' М.,1979
2. D.H.Laurence 'Odour of Chrysanthemum and Other Short Stories' М 1977
3. E.Hemingway 'The Old Man and the Sea' М., 1979
4. E.Hemingway 'To Have and Have not' М.,1967.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Концепция развития иноязычного образования РК, Алматы, 2006.

Концепция языкового образования Республики Казахстан (проект), Алматы, 2010

Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования, Алматы, 2010 – 344с.

Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. Алматы, 2005 –262с.

Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. Алматы, 2002 - 216с.

Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка. Совет Европы – Страсбург, 1986

A Guide to the Exams. Cambridge Preliminary English Test (Pet), Cambridge First Certificate in English (FCE), Cambridge certificate in advanced English (CAE), Cambridge Certificate in Proficiency in English (CPE). Cambridge University Press 2001.

Rebecca L. Oxford. Language Learning Strategies. Heinle & Heinle Publishers. 1990.

William Littlewood. Communicative Language Teaching. Cambridge University Press. 1994.

Составители:

Ахметова Г.Ш., к.п.н., доцент

Айнабаева З.М., м.п.н., ст. преподаватель

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

МКСҺТ 3302 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІ

5В011900-Шетел тілі: екі шетел тілі
бакалавриат мамандығы бойынша

3 кредит

Алматы 2016

АЛҒЫСӨЗ

1 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

2 ШКІР ЖАЗҒАНДАР: Артықбаева А.Қ. – п.ғ.к., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.07.2016 жылғы № 425 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

4 Типтік оқу бағдарламасы 5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі бакалавриат мамандығы бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген

5 2016 жылы «4» шілдеде Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. № 11 Хаттама**

Мазмұны

5. Түсінік хат
6. Пәннің мазмұны
7. Пәннің тақырыптық жоспары
8. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

ТҮСІНІК ХАТ

«Мамандандырылған кәсіби шетел тілі» курсының осы бағдарламасы педагогикалық төртінші оқу жылы бакалавр мамандарын дайындауға арналған.

Осы бағдарламада тұжырымдамалық ережелердегі білім беруді халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру мақсатында шет тілдік білім беруде ұлттық білім беру жүйесі ерекшеліктерін барынша ескере отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдеріне кәсіби әрі терең білім берудің мақсаттары, міндеттері және мазмұны анықталған.

Төртінші оқу жылы барысында жалпыеуропалық C1 + LSP халықаралық стандартына жақын тілді меңгерудің жоғарғы шұғыл деңгейі қалыптасады.

Төртінші оқыту жылындағы **мамандандырылған кәсіби шетел тілінің** мақсаты студенттердің шет тілдік мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін және кәсіби қалыптасуын жетілдіру болып табылады. **Мамандандырылған кәсіби шетел тілін** оқыту базалық негізгі шетел тілінің ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді.

Қарым-қатынас және мәдениаралық құзыреттілік қарым-қатынас дағдыларын одан әрі қалыптастыру, сондай-ақ шет тілдік әлеуметтік мәдениет әлемі бейнесін тереңірек түсіну, оның мағыналық бағдарын тану, білім алушылар мәдениеті арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көре білу және мәдениетаралық қатысым контекстінде оларды қолдануына байланысты болады. Оқытудың осы деңгейінде студенттердің идиомалық сөздік қоры артады, мамандықтың метатілі мен аялық білімі одан әрі тереңдей түседі, соның нәтижесінде, тұтас алғанда, студенттердің оқыту мазмұнының жалпы мәдени және кәсіби деңгейі мен қалыптасатын қатысымдық шеберліктер шеңберіндегі жалпы кәсіби мәдениеттанымдық, елтанымдық ой-өрісі кеңіп, тілдік материал байи түседі.

Студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігі шеттілдік білім беру маманын даярлау үдерісіндегі негізгі құрамдас бөлік ретінде, төмендегідей қамтамасыз етіледі:

5. студенттердің кәсіби бағдарлы білімі мен кәсіби тілді меңгеруін қамтамасыз ететін, жалпы кәсіби және арнайы кәсіби қарым-қатынасы аясы шеңберінде анықталатын сөйлеудің пәндік мазмұнымен;
6. кәсіби негізделген қарым-қатынас жағдаяттарындағы прагма-кәсіби тапсырмаларды шешу арқылы кәсіби бағытталған шеберліктерді қалыптастыру;
7. әртүрлі жанрлы мәтіндермен жұмыс істеу, аудармаға дейінгі сараптама жасауды пайдалану, аударма жасаудың тиімді тәсілдерін меңгеру арқылы кәсіби бағытталған шеберліктерді қалыптастыру;
8. мамандандырылған шетел тілі сабағының барысында оқыту мақсаттарын барынша тиімді орындау үшін сабақ өткізудің дәстүрлі емес түрлері мен тәсілдерін барынша қолдануды (ток-шоу, баспасөз конференциясы, топтық сөзжарыс, дискуссия, сұхбаттасу т.б), оқу жаттығулары, оқу жаттығулары,

диалогтық оқыту әдістері (іскерлік және рөлдік ойындар, көру және тыңдау материалдары пайдаланылған және компьютерлік техника негізіндегі жобалық жұмыстарды т.б.) тиімді жүзеге асыру.

Осы бағдарламада студенттердің тілдік құзыреттілік деңгейіне тиісті тіл меңгеру мазмұны мен талаптары анықталады: қарым-қатынастың қоғамдық-кәсіби аясындағы тілдік тақырыптар беріледі; сөйлеу әрекеттері түрлері мен меңгерілген құзыреттіліктер бойынша деңгейлік талаптар және кәсіби бағдарлы шеберліктер тізімі беріледі, сондай-ақ қорытынды бағалау өлшемдері талаптары мен қолданылған әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Курс пререквизиттері: Берілген курс студенттердің төмендегідей пәндерде қалыптасқан дағды, қабілет пен біліміне негізделеді: Мамандыққа кіріспе, Педагогика, Психология, Мәдениетаралық қатысым теориясы, Базалық шетел тілі, Сыни оқу, Шетел тілін оқытудың қатысымдық интербелсенді технологиялары, Кәсіби бағдарлы шетел тілі.

Курс кореквизиттері: Шетел тілін оқыту әдістемесі, Орта мектепте шет тілдік білім беру әдістемесі мен технологиясы, Шет тілдік білім берудегі инновациялық технологиялар.

Курс постреквизиттері: Білім беру бағдарламасы мен оқыту материалдарын дайындау, Оқу бағдарламалары мен шетел тілін оқытудың заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялары, Бейіндік мектептердегі мәнмәтінге негізделген құзыреттілікті оқыту.

Оқытуда студенттерді аралық пәндердегі білімді шоғырландыру негізінде үлгілік және кәсіби-бағдарланған тапсырмалардың шешімін табуға, ШТ оқытудың әртүрлі әдістемелерін түсінуге, оқу технологиялары мен құралдары жүйесін дұрыс таңдауға, сыни ойлау және шығармашылық тұрғыдан ойлауға үйрету қажет.

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӘСІБИ ШЕТЕЛ ТІЛІ (С1 ДЕҢГЕЙІ)

Оқытудың төртінші жылы студенттің жалпы кәсіби пәндер негізінде және кәсіби қарым-қатынас аясында шетел тілдік қарым-қатынас қабілетін дамуымен сипатталады. Студенттердің кәсіби мақсатта қарым-қатынасқа түсуі әлеуметтік саяси, жалпы мәдени және жалпы кәсіби қарым-қатынас және сөйлеу тақырыптар аясында ұйымдастырылған. Осы курс ерекшелігі жалпы кәсіби және жалпы мәдени бағыттарының тереңдетілуі, студенттердің болашақ мамандығына қызығушылығын арттыру; кәсіби мақсатта өзге менталитет пен мәдениетті зерттеу, оны өзіндік менталитет пен мәдениетпен салыстырып, ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау арқылы олардың студенттердің өзіндік тұлғалық қасиеттерін (сараптаушы, креативтік қабілеттері, сыни ойлау, азаматтық және дүниетанымдық көз-қарасын) қалыптастыруында болып табылады. Курс оқу материалдары берілген тақырыптар мен қарым-қатынас аясын анық сипаттайтын аутентік мәтіндерді қолдануды, аудио және видео

материалдардарға сүйенеді. Студенттердің активті сөз қоры негізгі 1200 лексикалық жаңа сөз қоры ескеріле отыра жалпысөз қоры ары қарай өсе береді.

АЙТЫЛЫМ

Төртінші курста оқытудың негізгі мақсаты сөйлеу әрекетінің диалогтық түрінде студенттердің дәлел – пікірталастық дағдыларының, яғни әңгімелесу барысында қажет, пікірталастар, еркін кәсіби мәселелерді шешу дағдылары, диспуттар мен эмоциялар білдіру соның ішінде, мәдениетаралық қарым-қатынас тілін пайдалану, аллегория, идиоматикалық өрнектерді тиімді пайдалануды қалыптастыру болып табылады.

Ал сөйлеу әрекетінің монологтық түрінде диалог және полилог аясында монологты жүргізе алудың яғни сөйлеу әрекетінде дискурстың келесі түрлеріндегі құбылыстарды түсіндіргенде, өзіндік тәжірибені айтып бөліскенде, жағдаяттарды бағалау мен түсіндіргенде, өзіндік көз-қарасты білдіру, көпшілік алдында сөз сөйлеу маңызы зор болып табылады.

ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ

Жазу және жазбаша сөйлеу әрекетінде студенттердің әртүрлі жазу түрлерімен (академиялық хат) танысу әрі қарай терендетіледі, сонымен қатар олар жазуда өз ойын дәл және жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған мәтін ретінде, соның ішінде негізгі және маңызды сұрақ пен мәселелерді анықтай алу арқылы, оларды өз пікірімен, мысалдармен дәлелдей алу және өз ойын қорыта алу дағдылары қалыптасады.

Жазу тапсырмаларында есеп, жеке және ресми хат жазу, мақала және эссе жазуға ерекше көңіл бөлінуі керек.

ТЫҢДАЛЫМ

Студенттердің берілген курс тақырыптары мен мазмұнына сай келетін аутенттік монолог және диалог сөйлеу түрлері мен мәтіндерін ауызекі және жазба түрінде түсіне алу дағдысын жоғарғы дәрежеде дамыту.

Оқыту материалы ретінде аутенттік аудиомәтіндер: проза үзіндісін, поэма, драмалық шығармалар, белгілі қоғам және саясат қайраткерлерінің, ұстаздардың, ғалымдардың орын алып жатқан жағдайларға арналған радио-теле хабарларынан, фоно-видео жазбалардағы сөз сөйлеуі негіз болады.

ОҚЫЛЫМ

Төртінші курста оқуды дамытуда сыни оқудың негізгі стратегиялары тереңірек дамытылады. Сонымен қатар басқа да оқу түрлері (зерделеу, түсіну, қарау және іздеу).

Оқу материалы ретінде әдебиет үзінділері, очерктер, новеллалар, қысқа әңгімелер, публицистикалық, әртүрлі әдебиет бағыттарындағы жазушылардың ғылыми-көпшілік мәтіндері, газет және журнал мақалалары, нұсқама, жарнама

мәтіндері, анықтамалар, корреспонденциялар, статистикалық мағлұматтары бар құжаттар болып табылады.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

1. «Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы»
2. «Шетел тілі білім беруді дамытудағы қазіргі трендтер»
3. «Өнер және қазіргі қоғам»
4. «Медиа саласы мен медиа- тіл»
5. «Халықаралық интеграциядағы жаһандық мәселелер»

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Тақырыптық жоспар C+ LSP деңгейіне сәйкес келетін базадан жоғары стандарт дәрежесінде, яғни келесі когнитивті лингвомәдени кешенге (КЛК) жататын:

1. осы оқыту дәрежесіне сәйкес келетін қарым-қатынас аясы;
2. осы қарым-қатынас аясын ашатын сөйлеу тақырып және тақырыпшалары;
3. үлгілі қарым-қатынас жағдаяттары.

Қарым-қатынастың арнайы-кәсіби аясы келесі тақырыптармен берілген:

1. «Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы» бұл келесі тақырыпшаларда ашылады: шетел тілді білім берудегі үрдісіндегі тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы, шетел тілдерін оқытуда тіл білімінің рөлі, шетел тілдері және ТМК.

Типтік жағдаяттар:

- *Дөңгелек үстел қатысушылары ұлттың құнды бағыттарын, ұлттық стереотиптерді, екі мәдениеттің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын және мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі қалыптастырудағы олардың рөлі жайлы сұрақтарды талқылайды;*

- *Пікірталас: «Тәжірибе кезінде аутенттік материалдармен жұмыс жасау барысында ұлттық-мәдени тілдесім мінез-құлығы қаншалықты ескерілді»*

- *Дебат клубы мүшелері: «Шетел тілі арқылы бір-бірін толық тану және өзін-өзі тану - бұл нақты перспектива болып табылады ма?» мәселесін талқылайды*

- *Брейн-ринг: Ағылшын тілі басымдылығы: өткені мен болашағы. Қазіргі әлемдегі ағылшын тілі басымдылығы неге негізделеді?*

Жоба жұмысының - түрлері:

- *«Жұмыс тобы қатысушылары: «Тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас кедергілері» қатысты мәселелерді талдайды»*

- *«Жұмыс топтары мәдениетаралық коммуникация теорияларына шолу құрайды»*

- «Халықаралық ұйымдардың өкілдері мәдениетаралық білім беруді дамыту үшін сұрақтар құрайды»

Кейстер:

- «Дөңгелек үстелге қатысушылар тілі мен мәдениетін, тілі мен ой қарым-қатынас мәселелерін талқылайды»

- «Мектеп мұғалімдері үш тілді бағдарламасын іске асыру мәселесін талқылайды»

- «Жұмыс тобының мүшелері бүгінгі әлемде мультикультурализм мәселелерін талқылайды».

Ауызша қарым-қатынас түрлері:

- ««Айналамыздағы әлем» конференциясына қатысушылар басқа халықтар мен мәдениеттердің қабылдауына әсер ететін факторларды талқылайды»

- «Екі дос оқуға екінші шетел тілін таңдау жайлы талқылайды»

- «Әдістемелік бірлестік мүшелері шетел тілдерін және мәдениеттерін оқытудағы аутентті қоршаған ортаның ролін талқылайды»

Жазбаша қарым-қатынас түрлері:

- «Шетел тілі – мәдениетаралық қатысым құралы ретінде», «Тіл мәдениеттер арасындағы көпір ретінде», «Ортақ мәдениет: артықшылықтары мен кемшіліктері» - тақырыбы бойынша эссе жазу.

2. «Шетел тілі білім беруді дамытудағы қазіргі трендтер» мынадай тақырыпшалармен ашылады: ерте оқытудағы жаңа үрдістер, бастауыш мектеп: мәселелері және шешу жолдары, бейіндік мектепте мамандандыру түрлері.

Типтік жазғаяттар:

- «Баспасөз конференциясына қатысушылар ерте тіл үйренушілердің аспектілерін, негізгі мектептегі және бейіндік мектептегі оқытуды талқылайды»

- «Педагогикалық форум мүшелері ерте оқытудың ең тиімді әдістерін, тәсілдерін және технологиясын талқылайды».

- «Ерте оқытудың сын-қатерлері мен мүмкіндіктері: ерте оқытудағы қандай материалдар, тапсырмалар, оқу-жаттығулары қандай оқулықтарда ('Starters', 'Movers', 'Flyers'; 'Family & Friends', 'Fun' және т.б.) ең тиімді болып табылады? Өз жаттығуларын ұсынады және құрастырады» тақырыбы бойынша жоба жұмыс тобының мүшелері талқылайды»

- «Бастауыш мектеп әдістемелік бірлестігінің мүшелері ерте оқыту әдістеріне салыстырмалы талдау жасайды және мектепте нақты әдістемесін іске асыру мүмкіндіктері мен мәселелерін талқылайды».

Жоба жұмысының - түрлері:

- «Ерте оқытудың сын-қатерлері мен мүмкіндіктері: ерте оқытудағы материалдар, тапсырмалар, оқу-жаттығулары қандай оқулықтарда ('Starters', 'Movers', 'Flyers'; 'Family & Friends', 'Fun' және т.б.) ең тиімді болып табылады? Өз жаттығуларын ұсынады және құрастырады» тақырыбы бойынша жоба жұмыс тобының мүшелері талқылайды»

- «Дөңгелек үстелге қатысушылар түрлі елдер мен мәдениеттердегі негізгі мектептерінде оқушылардың оқыту ерекшеліктерін талқылайды»

- «Ерте оқытудың сын-қатерлері мен мүмкіндіктері: ерте оқытудағы материалдар, тапсырмалар, оқу-жаттығулары қандай оқулықтарда ('Starters', 'Movers', 'Flyers'; 'Family & Friends', 'Fun' және т.б.) ең тиімді болып табылады? Өз жаттығуларын ұсынады және құрастырады» тақырыбы бойынша жоба жұмыс тобының мүшелері талқылайды»

Кейстер:

- «Білім беру мамандары мен оқытушылары ерте оқыту әдістемесін (Марши Монтессори, Гленн Доман және т.б.) және олардың Қазақстан Республикасында іске асыру тиімділігі мен мүмкіндігін талқылайды».

- «Тіл орталығының оқытушылары ересек оқушыларды оқыту (adult learners) ерекшеліктері жайлы талдау жасайды және шетел тілдері бағдарламасын ұсынады»

- «Мектептегі әдістемелік бірлестіктің мүшелері мектептің түрлі деңгейдегі студенттерге типология әзірлейді және талқылайды»

- «Еуропа Кеңесінің қазіргі заманғы тілдер Еуропалық орталығының өкілдері CLIL оқыту бағдарламасын ұсынады»

- «Мектеп мұғалімдері ғылыми циклді пәндерді оқыту стратегиясын және олардың тиімділігін талқылайды»

- «Физика, биология, химия, оқытушылары ағылшын тілінде пән мазмұнын оқып, құрастырған тақырыптарын ұсынады»

Ауызша қарым-қатынас түрлері:

- «ШТ оқытушысы негізгі мектептің (7-9 сыныптар) "Challenges", 'Opportunities' және т.б. оқулықтарды пайдалана отырып сабақ өткізеді».

- «Дөңгелек үстелге қатысушылар мектепте кейбір пәндерді (физика, биология, химия) шетел тілінде оқытуды талқылайды: студенттердің пәндік мазмұнды меңгеру бойынша шетел тілі лингвистикалық дайындығы әсер ету. Физика, химия, биология пәндерін шетел тілінде оқуды бастауыш, бастапқы немесе бейіндік мектепте бастау қажет пе?»

- «ШТ мұғалімі физика, биология, химия сабағын (10-11 сыныптарда) бейіндік мектепте жүргізеді»

- «Еуропа Кеңесінің қазіргі заманғы тілдер Еуропалық орталығының дөңгелек үстелге қатысушылары мәнмәтінге - негізделген оқыту (CLIL) мәселелерін талқылайды»

- «Әдістеме бірлестік мүшелері ШТ-де ғылыми циклды (физика, биология, химия) пәндерді оқыту стратегияларын талқылайды»

- «Жұмыс тобының мүшелері (пән мұғалімдері) мектепте ШТ пәнаралық жобаларды жүзеге асыруды талқылайды: тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, тапсырмалар және т.б.)»

Жазбаша қарым-қатынас түрлері:

- *Мақала: «Шетел тілдерін ерте оқыту: ерте сатыда шет тілдерін оқыту ұзаққа созылатын үрдіс деп саналады. Ұсынылған оймен сіз қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?»*
- *Тақырып бойынша баяндама: «Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы, бастауыш мектеп оқушылары мен бейіндік мектеп оқушы ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасау».*
- *Эссе: «Бастауыш мектепте ШТ білім беру: оқушымен жеке жұмыс немесе бірлестікте оқыту? Қандай тәсіл ең оңтайлы болып табылады?»*
- *«Бүкіл әлем бойынша негізгі мектепте оқушыларға білім беру мәселелері мен келешегі» туралы кітапша жасау.*
- *Мақала: «Негізгі мектептегі ШТ қазіргі заманғы әдістер мен оқыту технологиялары»*
- *Сабақты талдау: «Студенттер-практиканттар сабаққа талдау жасайды: (мақсаттарына, міндеттеріне, үрдісіне, нәтижелеріне, және т.б.)»*
- *Әдістемелік дамыту: «CLIL» бойынша тапсырмалар құру»*
- *Тақырып бойынша мақала: «Мектепте CLIL оқыту: (физика, биология, химия) пәндерінің мазмұны ШТ мұғалімі білу керек пе? Өз пікіріңізді білдіріңіз.*
- *Тақырып бойынша кітапша: «Бүкіл әлем бойынша CLIL білім беру: мәселелері мен шешу жолдары»*
- *«Мектептердегі CLIL оқытудың қазіргі заманғы әдістері мен технологиялары» туралы мақала жазу.*
- *«Біздің университет және факультет» тақырыбы бойынша түлектер үшін аналитикалық ақпараттарды брошюраларға жазу»;*
- *Ғылыми-атақты журналдарда «Шетелде білім алу» тақырыбында мақала жазу;*
- *«Шетел тілдерін оқыту балабақшадан бастау керек» тақырыбы бойынша пікірталас эссе жазу;*
- *«Әлемдегі табысты білім беру жүйесі» тақырыбы бойынша дәлелдемелі эссе жазу;*
- *«Мектептегі ментальды арифметика: артықшылықтары мен кемшіліктері» - тақырыбында талдамалы баяндама жазу;*
- *Эссе: «Оқушылардың академиялық пән бойынша көбірек дайындалуы үшін бейіндік мектепте дене шынықтыру сабақтарынан бас тарту керек пе?»;*
- *Тақырып бойынша эссе жазу: «Балалардың көркемсурет және мектеп табиғатын оқудың қажеті жоқ. Тіл және математика пәндері негізгі болу керек. Осы тұрғыдан сіз қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?»;*
- *«Жастарды ғылымға, білім беруге тарту, ҚР және әлемдегі жағдайы» тақырыбында статистикалық есеппен диаграмма құру.*

Қарым-қатынастың жалпы мәдени аясы келесі тақырыптарымен берілген:

3. «Өнер және қазіргі қоғам» мынадай тақырыпшалармен ашылады: қазіргі әлемдегі кино, театр, бейнелеу өнері

Типтік жағдаяттар:

- Дебат клубы мүшелері талқылап жатыр: Фотосурет -өнер немесе өнер емес.

- Панельдік пікірталас «Мұражай. «Болашақты қалыптастыруда»

- Дөңгелек үстел: Қоғамдағы өнер рөлі мен өнер ұғымы еліміздің мәдени мұрасын және адамның өзіндік байлығы ретінде мәселені талқылау.

Жоба жұмысының - түрлері:

- «Өнерді бағалау өлшемдері» атты деректі фильм

- «Қазіргі заман өнер бағыты (аниме, манга, және т.б.) тақырыбына презентация жасау

- «Өнер әлемі» тақырыбына коллаж жасау

Кейстер:

- «21-ші ғасырдағы технологиялық өнер» тақырыбында материалдар талдау

- Қазіргі заманғы технология көмегімен өнер жасау мүмкін бе?

- «Тірі өнер» құру мүмкін бе?

- Виртуалды өнер әлемі: аңыз немесе нақтылық па?

- Талданатын материалдар негізінде жобалар жасау, «Тірі өнер» тақырыбында презентация жасау

- «ЮНЕСКО мұрасы. Әлемнің Жаңа кереметтері» туралы подкаст жасау.

Ауызша қарым-қатынас түрлері:

- Әр түрлі мәдениет қайраткерлерімен сұхбат.

- Форум: «Кітапхана кеңістігі. Жорамал сурет және шындық»

Жазбаша қарым-қатынас түрлері:

- Тақырып бойынша пікірталас эссе жазу: «Әр көркем шығарма өз уақытына, оның ұлтына, оның қоршаған ортасына тиесілі» (Г.Ф. Гегель)

- «Студент жастардың өнерге деген көзқарасы» тақырыбында статистикалық есеп жазу және диаграмма құру

- «Әлемдегі ең ірі аукцион үйлері» тақырыбында ғылыми-көпшілік журналында мақала жазу.

Қарым-қатынастың әлеуметтік-саяси аясы келесі тақырыптарымен берілген:

4. «Медиа саласы мен медиа-тіл» мынадай тақырыпшалармен ашылады: медианың қоғамдағы рөлі, медиа стратегиясы мен әдістері, мәтіндік медиа тілі (радио, теледидар, кино, интернет)

Типтік жағдаяттар:

- Дөңгелек үстел: «Дөңгелек үстел қатысушылары түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының медиа стратегиялары мен әдістерін талқылайды»;

- Сұхбат: «Қатысушылар қазіргі таңдағы ең танымал бұқаралық ақпарат құралдары туралы халық арасында сауалнама жүргізді, сондай-ақ олардың танымалдық себептерін анықтайды»;

- Талқылау: «Қатысушылар халықтың жекелеген бөлімдері бойынша БАҚ рөлі (жынысы, жасы, қызығушылық бойынша топтар) талқылайды және

халықтың белгілі бір санаттары бойынша ең өзектісің шығарады».

Жоба жұмысының - түрлері:

- Зерттеу жұмысы: «Қатысушылар ұсынылған БАҚ фрагменттерінің негізінде медиа мәтіндердің тілін талдайды және медиа дискурс құрылысындағы өзекті тенденциялар мен стратегияларды ажыратып береді»
- Себеп-салдарлы байланыс: «Қатысушылар ең өзекті БАҚ көздері туралы ақпаратты жинайды және (нақты медиа дереккөз негізінде) сол немесе басқа дереккөздің танымалдығы қандай факторларға байланысты, салыстырмалы талдау жүргізіп, анықтау»
- Жобалау іс-шарасы: «ең өзекті БАҚ көздері туралы деректер негізінде, қатысушылар медиа саланың болашағы туралы дәлелді болжау жасауға шақырылады - бұқаралық ақпарат құралдарының қандай элементтері басым болады және медиа дискурстың қандай нысандары өзекті болады»

Кейстер:

- Қатысушыларға әр түрлі медиа дискурс нысандары бар (мәтін, дыбыс және бейне жазба, сондай-ақ подкаст, синхронды және асинхронды вебинарлар мен теле-конференция) танымал БАҚ порталын (веб-сайт) қарап шығып, дискурс фрагменттердің (медиа дискурсты жан-жақты қарау: қатысушылардың вербалды және вербалды емес білдіруі, олардың мәдени және мінез-құлықтық нормалары, сондай-ақ өзектілігі және материалды қарау философиясы, себептері және оның аймақтағы/елдегі саяси және экономикалық жағдайға байланысты мағынасы) лингво- және әлеуметтік-мәдени элементтеріне талдау жасауды жүзеге асыру.

- Қатысушылар түрлі елдер мен аймақтарға бейімделген вербалды және вербалды емес қарым-қатынас жүйелі стратегиясы үшін бір ақпарат (жаңалықтар, фильмдер, мультфильмдер, сұхбат, ток-шоу, конференция және т.б.) фрагментің өндіру ұсынылады. Тапсырманың бірінші кезеңінде, таңдалған өңірлерінің мәдениетіне қатысушылар зерттеу жүргізеді, екіншіде – берілген фрагментті көрсету/ ойнату үшін вербалды және вербалды емес қарым-қатынас жүйесі стратегиясын құрастырады, үшінші - ұсынылған БАҚ дискурсты аудио / бейне (ана тілді сөйлеуші көмегімен) жазбаға жазады.

Ауызша қарым-қатынас түрлері:

1 Жаздай. «Зерттелген медиа-тілдің көмегімен лингвомәдениеттану элементтерін пайдалану арқылы қатысушылар берілген тақырып бойынша тұрғындар арасында сауалнама жүргізеді»

2 Жаздай. «Қатысушылар ағымдағы медиа дереккөзін жасау үшін ел өкілдерінің мәдени сипаттамаларын түсіну маңыздылығын талқылайды»

3 Жаздай. «Қатысушылар берілген тақырып бойынша бұқаралық ақпарат құралдары стратегиялары мен әдістері өзектілігіне назар аудара отырып, сұхбаттық бейне үзінді жазып, осы үзінділерді талқылайды».

Жазбаша қарым-қатынас түрлері:

1 Жағдай: тақырып бойынша эссе жазу: «Қазақстан / Ресей / Еуропа медиа дискурс жүйесінің құрылысы және оның өзге аймақтардағы өзектілігі»

2 Жағдай: БАҚ дискурс жазбаша стратегиясын пайдалана отырып, бұқаралық ақпарат құралдары порталы (веб-сайт) берілген тақырып бойынша ақпараттық және аффефективтік эссе жазу.

3 Жағдай: Белгілі бір форум-топқа берілген тақырып бойынша жазбаша медиа дискурс стратегияларын пайдалана отырып, қоздырғыш-нанымды хат жазу.

5. «Халықаралық интеграциядағы жаһандық мәселелер» мынадай тақырыпшалармен ашылады: жаһандық институттардың маңызы, әлемдік экономикалық әріптестік үрдістер, жаһандық әлемдегі халықаралық құқық.

Типтік жағдаяттар:

Типтік жағдаятты шешу үшін:

Студенттерге келесі тақырыптар бойынша типтік жағдаяттарды таңдау ұсынылады:

1. «Жаһандану объективті жаһандық үрдіс ретінде»
2. «Жаһандану және қоғамдық өмірдің барлық салаларында оның әсері»
3. «Шет елдермен Қазақстанның халықаралық қатынастарды дамыту мәселелері бойынша жаһанданудың оң және теріс үрдістері» бойынша қысқаша аналитикалық шолу жасау;
 - пікір дайындау;
 - ұйымдар жаңалықтарын хабарлау, баяндау.

1 жағдаят

ЮНИСЕФ және Еуропалық Одақ халықаралық ұйым миссиясына қысқаша шолу жасау.

2 жағдаят

Ұйымның ұзақ мерзімді жоспарлар интеграциялау және жұмылдыру бойынша баяндама дайындау.

Жоба жұмысының - түрлері:

Жоба жұмыстарын жүзеге асыру және қорғау үшін:

- «Форумға қатысушылар: «The world is looking for new ways to build peace and sustainable development» тақырыбын талқылайды
- БҰҰ жөніндегі дөңгелек үстел отырысы «Mobilizing for education: every child has access to quality education as a fundamental human right».
- Дөңгелек үстелге қатысушылар «Building intercultural understanding: through protection of heritage and support for cultural diversity» тақырыбын талқылайды
- Сізге қазіргі өмірдің қажеттіліктеріне негізделген жаңа халықаралық ұйымдар ұйымдастыруды елестетіп көріңізші. Жаңа ұйымның мақсаты мен

функцияларын атаңыз, басқа да мекемелер мен институттарда өзара іс-әрекет жасау жолын түсіндіріңіз, қандай алғашқы жоба немесе іс-шараны жоспарлап, жүзеге асырасыз. Аудиторияға оның атын атаңыз.

Кейстер:

Берілген жағдайлық тапсырманы орындау үшін: Мүдделі болып табылатын халықаралық ұйымды таңдаңыз, оның функцияларымен олар ұйымдасқан соңғы оқиғаны біліңіз. Сіз өзіңізді осы ұйымның мүшесі деп ойлаңыз және сіз әріптесіңізбен бірге келесі іс-шараларды өткізесіздер. Топта бұл іс-шараны өткізуде қандай оқиға себеп болды, кімді шақыруға жоспарлап отырсыз, не үшін, қайда және қалай өткізейін деп жатырсыздар және қандай қорытынды нәтижелері күтілуде жайлы талқылау.

Ауызша қарым-қатынас түрлері:

- *Дөңгелек үстелге қатысушылар «Жаһандану және білім беру: Қазақстан және шет елдердің білім беру саласындағы байланыстарды кеңейту мүмкіндігі» талқылайды*

- *«Форумға қатысушылар «Жаһандану - өмірдің барлық саласына әсер ететін объективті жаһандық үдеріс, экономикаға және ішкі саясат, мәдениет, сондай-ақ ұлттық егеменді мемлекеттердің табысуды қабылдауға және жаңа болмыстың қолайлы нысандарын іздеу» тақырыбында талқылайды»*

Таблицаға халықаралық ұйымының шамамен 5 жақсы сұрақтарын жазыңыз. Жұптасып орындаңыздар. Әрбір студент сұрақтарды өз парағына жазу керек. Барлық сұрақтарды жазып болғанда, басқа студенттерден сұхбат алыңыз. Олардың жауаптарын өзіңізге жазып алыңыз.

Жазбаша қарым-қатынас түрлері:

- *Эссе: «Finding global solutions to global problems»;*

- *Әлемдегі ағымдағы жағдайды ескере отырып, жаһандық проблемаларды тиімді шешу жолдары туралы пікірталас жазу*

- *Мақала: «We are to meet today's global challenges»;*

- *Баяндама: «Urgent Global problems, New Global solutions»;*

- *Брошюра: «Global problems of Mankind»;*

- *Сіз жаңа халықаралық ұйым құру қажеттігін түсіндіретін халықаралық қор демеушілігіне хат жазуыңыз керек. Күтілетін мақсаты мен осы ұйымның қызметтерін, оның серіктестік және халықаралық маңызы бар мүмкіндіктерін көрсетіңіз. 250 сөз жазыңыз.*

С1 ДЕҢГЕЙІ

КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПРОДУКТИВТІК ТҮРІН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ

А. Диалогтік сөйлеу

Диалогтың функционалдық түрдері:

1. Сұхбат.
2. Пікірсайыс.

3. Пікірталас.

Студенттер келесідей коммуникативті актілерді жүзеге асыралады:

- сөз талғауда кенеттен, еш қиындықсыз ой-пікірін білдіру (кәсіби және күнделікті жағдаяттарды айтушының сөйлеуі тілдік амалдарың әртүрлілігімен және қолданыстың нақтылығымен ерекшеленеді);
- әртүрлі тақырыптар бойынша еркін сөйлеу: жалпы, оқу, кәсіби, сондай ақ ой арасында байланысты анық білдіре сөйлеу;
- сөз тапшылығын бүкпелей отырып өз пікірін еркін білдіру;
- дайындықсыз грамматикалық қателерді жібермей, көзге түсетін шектеулерінсіз, өзінің сөйлеу серіктесімен әртүрлі әләуметтік рөлдерді сақтау арқылы қарым-қатынасу;
- өз қызығушылығын кез келген оқиғада немесе істе айқындап көрсету, өз көз қарасын керекті дәлелдермен түсіндіру немесе дәйектеу.

Қарым-қатынас функцияларымен сәйкес студенттер:

танымдық:

- ақпарат сұрастырып;
- оқытылып жатқан ШТ және Қазақстан Республикасында көкейтесті саяси, экономикалық, мәдени және т.б. оқиғалар бойынша хабардар екенін білдіре;
- шетелдік әріптестермен мамандық бойынша қарым-қатынасқа түсіп, пікірсайыс және жиналыс бастап;
- түсініктеме беріп;
- талқыланатын мәселені тұжырымдау, күн тәртібін жариялай;
- мәлімдеу, көзқарастарды қарсыластандыра;
- вербалды және вербалды емес деңгейлерде шетел тілінде қанатты сөздерді қолдану арқылы коммуникативтік интенцияларды жүзеге асырудың ерекшеліктерін біліп;
- келіспеушілік пен келісімді белгілі бір көзқарас арқылы дәйектей;
- қорытынды жасап, баяндаманың түйінін бере алады.

реттеушілік:

- интеллектуалдық немесе эвристикалық іс әрекетке (бірге ойлануға); итермелей;
- әңгімелесушіге эмоционалды түрде әсер етіп;
- айқындамасы мен мінез-құлқысын басқара;
- әңгіменің жалғасуын ынталандыра;
- сендіре;
- дегеніне көндіре;
- талап ете;
- ескерте;
- ұсына;
- жиналыс жүргізу, пікір талас пен пікірсайыс дұрыс арнаға бағыттау;
- баяндамашы таныстыру, ол туралы бір ауыз сөз айту, қатысушыларды ынталандырып, баяндамашыға сұрақ қоя;
- сөз сөйлегені үшін алғыс білдіріп, күн тәртібіндегі келесі сұраққа көшу;

- сөз сөйлеу уақытын шектеу, баяндамышының сөзін тоқтату, ұсынысты қабылдамау, алтернативті ұсынысты бере;
- сөз сөйлеу қажеттілігіне көндіріп, қарсылыққа төтеп бере, мәселенің егжей-тегжейін анықтау, дәлелдемені дамыта;
- әңгіме тақырыбын өзгерту;
- жағымды ахуал тудырып, пікірталас қатысушыларын ортақ шешімге келтіре алады;

күндылықты-бағдарлы:

- белгілі және сипаталып жатқан тәжірибедегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерді салғастыра;
- сынай;
- ақтап, кінә арта, жазғыра;
- көтермелеп, ынталандыра;
- қорғай;
- өз келісімі мен қарсылығын астыртын білдіре;
- өз пікірін білдіре;
- сенімділік, мүмкіндік пен мүмкінсіздік білдіре;
- дау-таласқа қосылу;
- бастаманы өзіне қалдырып немесе серіктесіне бере;
- кіріспе және қорытынды сөзді мәйектей;
- назар аударта;
- жауаптан жалтара;
- әңгіме тақырыбын өзгерте;
- әңгіменің жалғасуына көндіре алады;

Диалогтік сөйлеу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау критерийлері:

1. Қатысымдық ниеттерді жүзеге асыру.
2. Ықпалдылық, сөйлеудің ықыластылығы (бірге ойлануға сөйлеу серіктесін итермелеу, эмоционалдылық, назар аударту үшін амалдар қолдану, деректерді бағалау, серіктестің ойлануын сыни және сапалы талдау, сөйлеу және сөйлеу емес мінез-құлығын дұрыстау, реакцияның жылдамдығы, әңгіменің басы мен аяғын рәсімдеу амалы)
3. Таңдалып алынған тілдік амалдардың функционалды-коммуникативті сәйкестілігі (ерекше синтаксистік құрылымдар, қысқартулар, эллипсистер, паралалингвистикалық және т.б. амалдардың қолданылуы)
4. Сөйлеудің тілдік дұрыстығы (екпін, лексикалық және грамматикалық).

Б. Монологтік сөйлеу

Сөйлеудің шығармалық-коммуникативтік түрлері:

- сипаттама;
- баяндама;
- хабарлама;

- ой жүгірту.
- Дискурс түрлері:*
- түсіндірме;
- бағалау;
- түсінік беру;
- шолу;
- түйіндеме.

Студенттер келесідей коммуникативтік актілерді жүзеге асыра алады:

- түрлі тақырыптық сипатта пікір құру;
- түгел суреттеу, баяндау / күрделі тақырыптарға баяндама беру, тақырыпшаларға тереңдетіліп, жекелеген тақырыптарды жетілдіріп, керекті қорытынды шығару ;
- толық айту мен сипаттау, диалог /полилогта өз пікірін айтып қатынасу, дәлелдерін растау.

Студенттер жүзеге асыра алады:

- арнайы сөздікті пайдалана отырып берілген тақырыпқа, мәселеге ой білдіру;
- саяси оқиғаға түсінік беру;
- екі елдің мемлекеттік құрылымын - түсіндіру;
- берілген тақырыбы бойынша жекелеген баяндама, хабар жасау,
- негізгі ойларға баса назар аударып баяндау;
- оқылған, естіген, көрінген бойынша қорытындылар жасау;
- тандаған маманығының сол елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуындағы рөлі және оны дамыту мүмкіншіліктері жайлы айта алады.

құндылықты-бағдарлы:

- тақырып бойынша, мақал бойынша, жалпылауды қолдану, талдау, дәлелдеу, өзінің көзқарасын білдіру мақсатында пікір айту арқылы монолог құрастыру;
- белгілі критерийлер бойынша айтушыны сөзін талдау;
- мәтінді модальдық-бағалаушы мазмұнының ерекшелігіне және кейіпкерлерге байланысты аудару;
- әңгіме, пікірсайыс, пікірталас нәтижесіне қарай қорытындылау және бағалау.

реттеушілік:

- ұсыныстар айту;
- бірге ойлануға түрткі болу;
- адресатқа және қарым-қатынас жағдаятына сәйкес оқылған немесе тыңдалған мәтін бойынша сөйлемді қайта құрастыру.

этикеттік:

- тілдік құралдарды адресаттың коммуникативтік ниетіне сай қолдану;
- алғы сөз, үндеу айту;

- басқалардың айтқанының дұрыстығын/дұрыс еметігін негіздеу.

Монологтік сөйлеу дағдыларының қалыптасқандық деңгейін бағалау критерийлері

1. Коммуникативтік ниеттерді жүзеге асыру, (мәлімдеу, итермелеу, негіздеу).
2. Тақырыптың мағынасын ашу, мазмұндық-мағыналық молықтыруы (толықтығы, ақпараттылығы, көлемі).
3. Мағыналық және құрылымдық аяқталымдылық (сөйлеу байланыс жүйесіне сәйкес).
4. Сөйлеудің тілдік дұрыстығы

Сөйлеу

Нормативтер:

Сөйлеу уақыты - 15 минут

Диалогтік сөйлеу (оқытушы – студент, студент – студент) 11 мин.

Монологтік сөйлеу 4 мин.

ЖАЗБА СӨЗ

Композициялық тілдесу нысаны:

- сипаттама;
- әңгімелесу;
- пікірлесу.

Дискурс түрлері:

- жеке және ресми хат;
- реферат;
- баяндама;
- хабарламаның тезистері;
- баяндама ;
- эссе.

Студенттер:

- анық және логикалық түрде өз ойын жазбаша білдіре және егжей-тегжейлі өз пікірін баяндай алады;
- хаттарда, шығармаларда, баяндамада күрделі мәселелерді маңызды мәліметтерге баса назар аудара отырып, толық жаза алады,
- адресаттың байланысты әр түрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, әр түрлі мәтіндер жаза алады;
- логикалық, бірізді түрде іс-шараларды, фактілерді өз көзқарасын білдіре отырып, мысалдар келтіре отырып сипаттай алады;
- Баяндаманың мәтінін құрастыра алады;
- факс арқылы әріптесін әуежайдағы, вокзалдағы кездесулер жайлы ескерте алады;
- шетелдік-қонақтарға шақырулар (факспен) құрастыра алады, шақыруларды қабылдап, кәсіби-бағдарланған конференцияларға, симпозиумдарға т.б. қатыса алады;

- кітаптың, мақаланың, т. б. мазмұнын қысқаша баяндай алады;
- оқыған/тыңдаған мәтіндердің мазмұнын жазбаша түрде қорытындылай алады;
- әдеби, қоғамдық –саяси, педагогикалық тақырыпта немесе жағдаятқа сүйене отырып белгілі бір ақпаратты (ойды, сезімдерді) хатта нақты, дәлелденген түрде бере алады;
- бланкалар мен сауалнамаларды дұрыс толтыра алады;
- сауалнама сұрақтарын құрастыра алады;
- ресми деңгейі әр түрлі хаттарды даярлай алады.

Жазба сөз дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау критерийлері:

1. Коммуникативтік ниеттерді жүзеге асыру .Баяндаудың орамдылығы (ұсынылатын фактілердің объективті көрсетілімі, олардың қисындық байланысы).
2. Сөйлеу мазмұндылығы (ақпараттылық, лексикалық қанықтылық);
3. Шығармашылық тәсілдеме (өз пікірін айту, мәліметінің әлеуметтік мәдени, кәсіптік мәнін түсіну)
4. Сөйлеудің тілдік дұрыстығы (лексикалық және грамматикалық, дискурстың грамматикалық әлеуметтік мәдени көрсеткіштерінің сәйкес келуі).

Жазба сөз

Нормативтер:

Уақыт – 1 сағат

Көлемі –250-280 сөз

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ РЕЦЕПТИВТІК ТҮРІН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ

ТЫҢДАУ

Есту барысында студенттер:

- нақты логикалық құрылымы бар, монолог және диалогтарды түсіне алады;
- теледидар бағдарламаларын, радио бағдарламаларын, фильмдер еркін түсіне алады;
- аутенттік кәсіби-бағдарланған аудиомәтіндердің мазмұның түсіне алады, таныс емес сөздердің мағынасын мәнмәтінге қарай айта алады, қалыпты жылдамдықта жазылған жазбада кейбір сөздерге назар аудармай тиісті ақпаратты ала алады;
- аутенттік материалды қалыпты жағдайда қайтадау сұрау, нақтылау арқылы қабылдай алады;
- регистрдің өзгергенін байқай отырып, ауызекі сөйлеу бірліктері мен тұрақты сөз тіркестерін ажырата алады;
- әдеби және ауызекі сөйлеу, журналистік стильдеріндегі, сондай-ақ сөйлеу тақырыбы аясында әр түрлі коммуникативтік салалардағы ғылыми стильде

- элементтері бар аудиомәтіндерді егжей-тегжейлі түсіне алады;
- шетел тілін ана тілі ретінде сөйлеушілердің әңгімесінің мазмұнын; прагматикалық мәтіндерді түсіне алады (вокзалдағы, конференц-залдағы хабарламалар т.с.с.)
 - мәтінге дейін берілген тапсырмаларға сүйене отырып және тыңдалған аудиомәтін бойынша өзіндік гипотезалар ұсыну;
 - кәсіби-маңызды ақпаратты белгілеу;
 - тыңдалған ақпараттарды ажырату (негізгі ақпарат және қосымша ақпарат)
 - аудиомәтінді тыңдай отырып тапсырмалар отындау, сөздер/сөйлем қоя алу;
 - мәтіннің басы мен аяғы болжау (оқытушының берген тапсырмаларына сәйкес);
 - аудиомәтіндегі кейіпкерлерді бейнелеу және бағалау (күптау/күптамау)
 - алған ақпараттың кәсіби маңыздылығын бағалай алу.

Тыңдау дағдыларының қалыптасқандық деңгейін бағалау критерийлері:

1. Аудиомәтінді толық түсіну деңгейі (алға қойылған міндеттерге сәйкес) (тест тапсырмаларының дұрыс орындалуы).
2. Аудиомәтінді түсінудің анықтығы (мағыналы сөз тіркестерін анықтау, автордың коммуникациялық ниетін анықтау)
3. Аудиомәтінді мағынасын терең түсінудің деңгейі (түсінікті және түсінікті емес негізгі және қосалқы факторлардың санық арақатынасы)
4. Аудиомәтінді сыни тұрғыдан түсіну (алға қойылған міндеттерге сәйкес).

ТЫҢДАУ

Нормативтер:

Тапсырманы тыңдауға және орындауға берілетін уақыт - 45 мин.,

Көлемі – радиобағдарламаның кескіні 1 (4 мин., барлығы 10 мин), 1 жиналыста баяндама жасау (4 мин., барлығы 10 мин), 1 интервью (6 мин., барлығы 16 мин), 5 қысқа монолог/диалог (35 сек., барлығы 9 мин.)

Сөйлеу темпі: қалыпты

Тапсырмаға кіріспе саны: 2

ОҚУ

Студенттер:

- күрделі көркем, публицистикалық шығармалар мәтіндерін және олардың стилистикалық ерекшеліктерін түсіне алады;
- жалпыкәсіби бағыттағы арнайы мақалаларды, сонымен қатар әр түрлі прагматикалық мәтіндерді түсіне алады.

Оқудың түрлі стратегиялар шеңберінде студенттер:

танысып оқудың аясында:

- мәтіннің мазмұны мен құрылымы бойынша хабардар болу (мәтіннің мағыналық бөліктерін және құрылымдық құрамын бөлу);
- мағыналық бөліктің басты мазмұнын;

- кәсіби және мәдени маңызды ақпаратты шығару;
- автордың коммуникативтік ықыласын анықтау;
- мәтіннің деректерін бір-бірімен сәйкестендіру;
- жоспардың әртүрлі формаларын құрастыру және т.б.

үйреніп-оқудың аясында:

- қиын бөліктерін екінші рет оқып шығатындай жағдайда күрделі мәтіндерді егжей-тегжейлі түсіну;
- мәтінде қиындықтарды игереудегі тірек қызметін атқаратын мәтін элементтерін анықтау;
- деректер/жағдайларды, логикалық, хронологиялық бірізділікке келтіру;
- мәтіннің мағыналық және коммуникативтік бірілігін, және құрылымдық біртұтастығын анықтау;
- баяндалған деректерді, жалпы мазмұнын, автордың ойын жүзеге асыру сипаты бағалай білу;
- келтірілген деректерге сүйене мәтіннің негізгі ойын/идеясын анықтау;
- ауызша әрі жазбаша түрінде аннотация/түйіндеме беру;
- мәтін астындағы (астарлы ойды) және т.б. түсіну.

шолып оқу аясында:

- керекті/қызықты ақпаратты анықтау және тақырыпқа, тақырыпшаларға және бөлек абзацтарға сүйене оның «керектігі»/ «керексіздігі» жөнінде шешім қабылдау,
- мазмұнын болжау, тұжырым ұсыну;
- мәтінде тұжырымды дәлелдейтін ақпаратты табу;
- бірнеше мәтіндердің басты ақпаратын синтездеу және т.б.

іздеп оқу аясында:

- баяндама, хабарлама, дәлелдеме үшін ақпарат табу;
- кәсіби-мазмұнды ақпарат табу;
- таңдалып алынған жазба дереккөздерге шолу жасау;
- қысқаша баяндау, мазмұндау;
- мазмұнын мәтін, мазмұндау, түйіндеме түрінде жеткізу және т.б.

Оқыту дағдысының қалыптасу деңгейінің өлшемі:

1. Автордың коммуникативтік мақсатын анықтау.
2. Мәтінді түсіну толықтығының деңгейі (оқу түріне байланысты) (тесттік тапсырмалардың дұрыс орындалуы).
3. Мәтіннің құбылыстары, оқиғалары, кейіпкерлеріне өз қатынасын білдіру.
4. Алынатын ақпараттың нақтылығы (мәтінді тілдік бірліктерінің деңгейінде түсіну)

ОҚУ

Нормативтер:

Уақыт – 1 сағат 15 минут

Көлемі – 1 мәтін-әдеби шолу (500-600 сөз), танысып оқу

– 1 журнал мақаласы (500 сөз), үйреніп оқу

- 1 газет мақаласы (800 сөз), шолып оқу
- 1 туристік аясынан мәтін (1000-1200 сөз), іздеп оқу

Үйде оқу: мәтін көлемі - 2300 сөз (аптасына)

Оқытылатын кешен бойынша студенттердің кәсіби-қалыптасатын дағдылары: күтілетін нәтиже

- өз тілін меңгеру және шетел тілінде қарым-қатынасу стратегиясын зерделеу;
- ниет білдіруші серіктес ретінде шығу және өз курстастарын әңгімелесудің әртүрлі формаларына және оқыту-сөйлеу жағдаяттарына итермелеу.
- коммуникативті тапсырмалардың қойылымы арқылы коммуникативтік емес тапсырмаларды коммуникативті-бағытталғандарға түрлендіру;
- коммуникативті бағытталған тапсырмалар құрастыру;
- интерактивті оқыту формаларын шет ел тілінде жүргізу нұсқауларын құрастыру (жобалық жұмысты ұйымдастыру аясында жұптық және топтық түрлері және т.б.)
- пайда болу көзіне байланысты студенттердің қателерін классификациялау және оларды жою жолдарын белгілеу ;
- мақсат, міндеттерді және оқыту іс-әрекеттерінің орындылуының бірізділігін анықтау;
- диалогтік мәтіндерді талдау және олардың ішінде қарым-қатынастың әртүрлі функциялары мен олардың айтылу тәсілдерінің сипаттау үшін диалогтік бірліктерді айқындау (ақапараттық, эмоционалды – бағалаушылық, итермелеушілік, контакт орналастырушылық) ;
- мектеп оқулықтарынан мәтіндерді талдау және келтірілген лексикалық бірліктердің контекстуалды мазмұнын көрсету үшін олардың ішінен мысалдар таңдау;
- мектептің бағдарламасының жеклеген тақырыптарына мазмұнды материал жинау;
- пікірталас тудыратын сипаттағы диалог ұйымдастыру және жүргізу.

Үшінші курстың қорытынды бақылауы 2 бөліктен тұрады:

Емтизанның жазба түрі (1 сағат)

2. Жазбаша дағдының қалыптасқандығын бақылайтын тапсырма (көрсеткіштер C1) - 1 сағат

Емтизанның ауызша түрі -15 минут

Сөйлеу:

- диалогтік сөйлеу (студент, студент – студент тәртібі) 11 мин.
- монологтік сөйлеу 4 мин.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Tuyakaeva D.Sh., Kalibayeva A.G., Karibayeva B.E. Course book for juniors. Almaty, 2007.
2. Richard Acklam with Sally Burgess, Gold Course Book, Longman, 2001.
3. Richard Acklam with Sally Burgess, Gold Exam Maximiser, Longman, 2001.
4. Martin Hewings. Advanced Grammar in Use. Cambridge University Press, 2005.
5. Richard MacAndrew. CAE Practice tests.-Oxford, 2002.
6. Amanda French.CAE Test builder. Macmillan, 2003.
7. Mark Harrison, Rosalie Kerr. CAE Practice tests.- 1999.

Қосымша әдебиеттер

1. Jean A. McConochie ‘20th Century American Short Stories’ М.,1979
2. D.H.Laurence ‘Odour of Chrysanthemum and Other Short Stories’ М 1977
3. E.Hemingway ‘The Old Man and the Sea’ М., 1979
4. E.Hemingway ‘To Have and Have not’ М.,1967.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

10. Концепция развития иноязычного образования РК, Алматы, 2006.
11. Концепция языкового образования Республики Казахстан (проект), Алматы, 2010
12. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования, Алматы, 2010 – 344с.
13. Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теории. Алматы, 2005 –262с.
14. Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. Алматы, 2002 - 216с.
15. Общеевропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка. Совет Европы – Страсбург, 1986
16. A Guide to the Exams. Cambridge Preliminary English Test (Pet), Cambridge First Certificate in English (FCE), Cambridge certificate in advanced English (CAE), Cambridge Certificate in Proficiency in English (CPE). Cambridge University Press 2001.
17. Rebecca L. Oxford. Language Learning Strategies. Heinle & Heinle Publishers. 1990.
18. William Littlewood. Communicative Language Teaching. Cambridge University Press. 1994.

Құрастырушылар:

Ахметова Г.Ш.

Селиверстова И.А.

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА

